

ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР

УДК 911.3

О СООТНОШЕНИИ ПОНЯТИЙ ТЕРРИТОРИАЛЬНО-ПРОИЗВОДСТВЕННЫЙ КОМПЛЕКС И ЭКОНОМИЧЕСКИЙ КЛАСТЕР

С.Л.Янчук Национальный университет Узбекистана, г.Ташкент

В статье проанализированы соотношение понятий, схожие и отличительные особенности концепций территориально-производственных комплексов, энергопроизводственных циклов и экономических кластеров

Для решения задач ускорения модернизации и повышения конкурентоспособности территориальных хозяйственных систем и сглаживания пространственных диспропорций, важное значение приобретает разработка региональных стратегических программ. Составление таких программ должно различать и взаимно увязывать задачи экономического, социального, культурного и экологически устойчивого развития.

Сами же программы экономического развития регионов, по нашему мнению, могут преследовать две группы целей и задач:

1) уменьшение диспропорций в многослойной, районной и каркасно-кровеносной структуре хозяйства (эти структуры выделены И.М.Маергойзом, 1986) через совершенствование отраслевой структуры экономики страны и каждого региона, решение проблем отсталых, депрессивных и слабоосвоенных территорий, активизацию социально-экономического развития поселений определенных рангов и сдерживание развития поселений других рангов, устранение разрывов и укрепление слабых звеньев опорного каркаса расселения;

2) повышение конкурентоспособности хозяйственной системы посредством содействия инновационному развитию и формированию кластеров.

Если первая группа задач акцентирует внимание на структурных разрывах и проблемных ареалах, то вторая призвана ускорить развитие всей геоэкономической системы (включая считающиеся «благополучными» отрасли, районы и поселения). В то же время эффективность региональных программ значительно повышается при стимулировании формирования и поддержке развития кластеров (или их структурных подразделений) в проблемных ячейках пространственных хозяйственных систем.

С другой стороны, сглаживание территориальных диспропорций, улучшая через снижение издержек факторные условия производства, способствует ускорению развития кластеров и повышению эффективности экономики региона в целом.

Кроме того, при разработке региональных программ нельзя не учитывать обусловленные эффектами узловой и линейной агломерации и отражающие возрастание доли производств и отраслей, имеющих точечно-узловую и линейную форму территориальной организации, центростремительные и линейностремительные тенденции в пространственной динамике производительных сил.

Эти тенденции проявляются в формировании полюсов, линий и коридоров роста, чему способствуют, в том числе, и процессы кластеризации. При этом особое значение приобретает дальнейшее совершенствование теории и методологии комплексного, или кластерного подхода, в том числе умение соединить всё лучшее в концепциях, с одной стороны, территориально-производственных комплексов (ТПК) и энергопроизводственных циклов (ЭПЦ) и, с другой стороны, экономических кластеров.

Теория экономических кластеров была подробно разработана М.Портером, который, в свою очередь, опирался на идеи А.Маршалла, У.Изарда и других исследователей.

Интересно сопоставить схожие и отличительные особенности обеих концепций. Сходство заключается, прежде всего, в том, что формирование и ЭПЦ и ТПК, с одной стороны, и экономических кластеров, с другой, связано с процессами территориального комбинирования и кооперации производства.

В концепции Н.Н.Колосовского чётко показано соотношение между комбинированием в сугубо производственном, технологическом смысле, и территориально-производственным комбинированием. С первым связано понятие «энергопроизводственный цикл», которое, по Н.Н.Колосовскому, представляет собой «типическую, устойчиво существующую совокупность производственных процессов, возникающих взаимообусловленно вокруг основного процесса для данного вида энергии и сырья» (Колосовский, 2006, с.96). Производства, относящиеся к какому-либо ЭПЦ, могут быть и территориально разбросанными, и либо частично, либо все сконцентрированы в непосредственной близости друг от друга. В случае их соседства на территории с определённым сочетанием природных ресурсов, общей инфраструктурой и расселением речь уже идёт о территориально-производственном комплексе, сформировавшемся на базе одного ЭПЦ (или о районном комбинате, по первоначальной терминологии представителей этой школы).

По нашему мнению, именно ТПК, образованный единственным ЭПЦ, по своему содержанию несколько ближе к понятию экономического кластера, по М.Портеру: «Кластеры – это сконцентрированные по географическому признаку группы взаимосвязанных компаний, специализированных поставщиков, поставщиков услуг, фирм в родственных отраслях, а также связанных с их деятельностью организаций (например, университетов, агентств по стандартизации, торговых объединений) в определённых областях, конкурирующих, но при этом ведущих совместную работу» (Портер, 2005, с.256). Но, пожалуй, самое близкое к определению кластера из понятий,

встречающихся в литературе о ТПК – функционально-производственный комплекс – «развивающаяся на основе определённых технологических процессов жёстко взаимосвязанная система производств» (Промышленный комплекс Киевского Приднепровья..., 1988, с.17), т.е. локализованное сочетание производств одного ЭПЦ.

Налицо только два существенных отличия. Во-первых, теория, методология и практика ТПК и ЭПЦ разрабатывалась и широко применялась для планового размещения производства, а концепция кластеров – в рыночных условиях, к тому же её автор полагает, что «правительство не может создавать конкурентоспособные отрасли, сделать это могут сами компании» (Портер, 2005, с.242).

Второе отличие – работы по исследованию ТПК концентрировались, по определению, на взаимосвязях между предприятиями производственной сферы, при моделировании комплексов рассчитывались также инвестиции в производственную и социальную инфраструктуру, потребности в трудовых ресурсах и потребительские запросы населения. Концепция же М.Портера рассматривает кластеры всех секторов экономики, в том числе сферы обслуживания, и даже при анализе формирования и развития промышленных кластеров акцентирует важнейшую роль специализированных услуг: образования, научных исследований, маркетинга и других.

В литературе по ТПК промышленным кластерам можно найти и общее в исследовании их структуры. Это, в частности, выделение основной технологической цепочки, производств по комплексному использованию сырья и утилизации отходов, специализированного машиностроения.

Большое внимание уделяет М.Портер взаимодействию двух и более кластеров, если они встречаются на одной территории, и говорит в таком случае о «пересечении» кластеров. «Различие в познаниях стимулирует инновации. Например, в Германии есть кластер, выпускающий бытовые приборы, и кластер по производству мебели для дома. На пересечении этих кластеров возникло производство встроенных кухонь и встроенных бытовых приборов – продукции, по экспорту которой Германия превышает её же долю в экспорте собственно бытовых приборов или мебели» (Портер, 2005, с.308).

Концепция же ТПК подобный вопрос решает «включением» в структуру ТПК производств двух и более различных ЭПЦ (или ФПК). Согласно В.А.Осипову и М.Д.Шарыгину (1988,с.53), «всё многообразие внутренних связей элементов ТПК можно свести к трём большим группам: первая – внутрицикловые экономико-технологические связи; они представляют жёсткий, устойчивый «каркас» структуры ТПК...; вторая – межцикловые кооперационные и другие снабженческо-бытовые связи...; третья – общеэкономические (опосредствованные) связи; возникают как результат использования всеми циклами ТПК единой для них производственной и социальной инфраструктуры, общей территории, с её экономико-

географическим положением, общих многоцелевых ресурсов... и возникающих в связи с этим ограничений...».

И для ТПК, и для кластеров характерны разнообразие географического охвата территории (при этом «средние размеры» ТПК явно больше) и иерархичность (хлопковый или винный кластеры/комплексы можно рассматривать как часть агропромышленного).

Кластерный подход в последние годы приобретает всё большую популярность в странах СНГ, о чём свидетельствуют многочисленные публикации на эту тему и специальные программы по созданию и активизации развития промышленных, агропромышленных, инновационных, туристских кластеров. Поэтому важно дополнить кластерную концепцию теми элементами теории ТПК и ЭПЦ, которые могут быть использованы в рыночных условиях, что повысит качество региональных программ и будет способствовать активизации территориального развития.

1. Колосовский Н.Н. Теория экономического районирования. – М.: Мысль, 1969.
2. Маергойз И.М. Территориальная структура хозяйства. – Новосибирск: Наука, Сиб. отделение, 1986.
3. Осипов В.А., Шарыгин М.Д. Энергопроизводственные циклы: проблемы теории и практики. – Л.: Наука, 1988.
4. Портер, М.Э. Конкуренция: Пер. с англ. – М.: Вильямс, 2005.
5. Промышленный комплекс Киевского Приднепровья (экономико-географическое исследование)/М.М.Паламарчук, И.А.Горленко, Л.Г.Руденко и др. – Киев: Наук. думка, 1988.

Summary

S.Yanchuk

On the correlation concept of territorial-productive complexes and economic clusters

The correlation of the nations, similar and distinctive peculiarities of the conceptions of the territorial-productive complexes, power-productive cycles of the economic clusters are analyzed in the paper

Түйін

В статье проанализированы соотношение понятий, схожие и отличительные особенности концепций территориально-производственных комплексов, энергопроизводственных циклов и экономических кластеров

УДК: 501.5

**ГЕОФИЗИЧНИ ИЗСЛЕДВАНИЯ (ДАННИ И РЕЗУЛТАТИ) НА ОСТРОВ
ЛИВИНГСТЪН - АНТАРКТИДА**

Бойко Рангелов, Мария Великова , Ивайла Карабелова

Геологопроучвателен факултет, минногеоложки университет, софия, e-mail:

branguelov@gmail.com

*Резюме. Представени са данните и основните резултати от измерванията на радиоактивност (РА) и магнитна възприемчивост (МВ) на скалите в района на Българската Антарктическа База (БАБ) на остров Ливингстън. Показано е, че измерванията *in situ* по определена методика (наречена минипрофилиране) и с подбрана надеждна апаратура, може да служи за диференциация на скалните комплекси в полеви условия. Изненадващ резултат е установяването на повишена радиоактивност в седиментния комплекс Майерс-Блъф, разкриващ се около БАБ. Източникът на тези аномалии е от повишени съдържания на изотопите K^{40} и Th^{232} .*

Ключови думи: геофизични изследвания, радиоактивност, магнитна възприемчивост, Антарктида.

1. Увод

Регулярните експедиционни измервания в района на Българската Антарктическа База (БАБ) дават възможност за комплексни геофизични изследвания – регионални и локални, за целите на геологията, разпределенията на различните геофизични полета и др. По време на експедицията 2011-2012 година, основното внимание на геофизичния проект, беше насочено към използването на надеждни геофизични методи, основащи се на контрастните физични свойства на скалите, разкриващи се в района на БАБ и по-конкретно тяхната радиоактивност и магнитна възприемчивост.

Доколкото скалите в района на БАБ са много разнообразни [1, 2] по вид (седиментни, метаморфни и магмени) и по състав, то се очакваше, те да проявят тези си различия и в интегралните си характеристики на естествена радиоактивност и принудена магнитна възприемчивост. За целта бяха проведени поредица от измервания на скали с различни видими характеристики (цвет, ясни граници между скалните разновидности, видима твърдост, изветряне и др.) с цел съставяне на обучаваща извадка и последващо приложение в условия, където видимите различия не съществуват. Това изглаждане се получава вследствие на изветрянето, ледниковата преработка и други фактори премахващи в голяма степен видимите различия. За да бъдат диференцирани различните скални комплекси е използван предварителен модел за контрастност по различните физични свойства на различните скални формации [3, 4]. Този подход се оказа правилен и ефективен. Попътно бяха реализирани и други полезни практики, като откриване на погребани скални късове с различни свойства от тези на вместиращата среда и установяване на различия вследствие на хидротермални промени (особено в дайковите скали).

2. Техника и методика на измерванията

Използуваните технически средства за измервания на радиоактивността и магнитната възприемчивост са стандартни за геофизични измервания от подобен вид.

За измерванията на радиоактивността е използван стандартен портативен интегрален дозиметър МКС с възможности за измерване на естествения гама и бета фон в единици на интегрална доза. Никъде по време на измерванията не бяха установени бета източници. Апаратурната точност на единично измерване е 0.01 mkSv/h, а диапазонът е от 0.01 mkSv/h до 100 mkSv/h, като единично измерване продължава около 1 мин.

За измерване на магнитната възприемчивост е използван портативен полеви прибор КТ-10 на фирмата TERRAPLUS с апаратурна точност от 0.001×10^{-3} SI единици и диапазон на измерване от 0 до 999×10^{-3} SI. Единичното измерване е с продължителност от около 30 сек.

Измерванията и по двата параметъра – РА и МВ са извършвани едновременно и успоредно, като за целта са подбрани гладки повърхности и са спазвани еднакви условия на единичното измерване – еднакъв натиск върху скалната повърхност при измерване на МВ, равна повърхност и еднаква геометрия при измерване на РА и др.

Методиката на измерване е наречена условно – „минипрофилиране”, доколкото разстоянията между точките на измерване варират от 10-15 см до 40-50 см. От всяка скална разновидност на всеки профил е вземана и скална проба за лабораторни изследвания – направа на шлифи за скална и рудна идентификация, химически анализ, рентгено-структурен анализ, спектрометрични изследвания на радиоактивността и др. За достоверност на измерванията, почти всеки измерен профил е фотодокументиран, а профилите впоследствие привързани към геоложката карта на района в мащаб 1:5 000.

3. Резултати и обсъждане

Получените резултати от измерванията са представени таблично (Табл. на измерванията) и част от тях - графично (фигури 1-9), с цел да се запази основната първична документарция и тя да може да бъде използвана от други изследователи за други цели, доколкото получените данни са уникални и измерванията *in situ* трудно повтаряеми.

Получените данни позволяват да бъдат очертани следните особености на наблюденията и получените от измерванията резултати:

Скалните разновидности с различен състав показват доста контрастни свойства по отношение на РА и МВ. Обобщените стойности на РА и МВ за различните скали разкриващи се в околностите на БАБ са обобщени и представени в табл. 1.


Табл. 1. Диапазон на РА и МВ за различните скали в района на БАБ.


Обект/Свойства	Радиоактивност [мкSv/h]	Магнитна възприемчивост [$\times 10^{-3}$ SI]	Местоположение
Лед/Вода	0.05-0.06	0	О-в Ливингстън
Пясък	0.12-0.13	4.1-4.9	О-в Ливингстън
Седименти	0.20-0.30	0.1-0.7	О-в Ливингстън
Диорит	0.10-0.12	20-30	О-в Ливингстън
Дайки:			О-в Ливингстън
Непроменени	0.09-0.12	50-60	О-в Ливингстън
Малко променени	0.08-0.13	11-25	О-в Ливингстън
Много променени	0.09-0.13	0.4-0.6	О-в Ливингстън
Полиметална руда	0.10-0.12	15-20	О-в Ливингстън
Калцит	0.15-0.18	0.01-0.05	О-в Ливингстън
Пегматит	0.12-0.14	0.2-0.8	О-в Ливингстън

Най-силно променливи са свойствата на дайките, особено по отношение на МВ. Тази изменчивост се свързва с хидротермалната промяна на тези скали.


Изненада представляват високите стойности на радиоактивния фон на седиментите от формацията Майерс-Блъф. Допълнителните изследвания на тази радиоактивност са извършени на спектрометър в РА лаборатория на МОСВ и показаха, че тя се дължи на повишени съдържания на K^{40} (образец №3) и Th^{232} (образец №2) – и двата образеца са взети *in situ*, докато най-слабо активният образец №1 е от плажните отложения (т.е. – най-вероятно е претърпял транспорт), като за сравнение е избран такъв, с включение от белемнит.

Илюстративни графики от измерванията на различни скални комплекси












Huge dyke in the sea



Intrusive rock with xenolite





4. Изводи и заключение

Направените изследвания показват ефективността на експерименталните измервания и получаваните резултати

Магнитната възприемчивост и естествената радиоактивност са физични свойства на скалите, които могат да се използват за скалната диференциация *in situ* направо в полеви условия. Това е полезна практика, която силно подпомага изследователите около БАБ, защото може да се извършва с портативна апаратура, с достатъчна точност и в тежките условия на о-в Ливингстон.

Налага се убеждението, че вземането на проби от скалните разновидности от профилите на измерванията, могат силно да подпомогнат интерпретацията на получаваните данни и резултати.

[1] *Ranguelov B., Seismic signals registered on the Livingstone Island (Antarctic South Shetlands) and some implications for the seismic hazard purposes., Alb. Journal of Natural & Technical Sciences., 2001(1), p. 131-139.*

[2] *Рангелов Б., Дистанционни и наземни наблюдения при изучаване на геодинамиката на о-в Ливингстон, Антарктида., Сб.Докл. Юб.н.сесия "40 г. от първия полет на човек в Космоса. т.2, 2001, с.209-216.*

[3] *Рангелов Б., Р.Гюров, А. Близнаков., 2002, Природни опасности на о-в Ливингстон и методи за защита от тях., Сб.Докл. межд. конф. "BCU2002", 29-31 Май., София, сек.VI, с. 7-11.*

[4] *Ranguelov B., Complex geological and geophysical investigations in Antarctica., Ann. of the M&G University., Sofia, 2002, pp. 117-120.*

ӘОЖ: 616.314

ГЕОЖҮЙЕЛЕРГЕ АНТРОПОГЕНДІК ӘСЕР ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ

Абай атындағы ҚазҰПУ.г.ғ.к., доцент **Мұса Қ.Ш.,**

ГЭФ студенті **Журжанова Ж.Ш**

Қазіргі таңда қоғамның шаруашылық іс-әрекеті табиғатқа әсер етудің ең маңызды факторы болып табылады. Адамдардың тек оларды қоршаған табиғаттың аясында жай өмір сүріп қана қоймай, табиғи кешендердің геофизикалық, биохимиялық құрамдас бөлігін, олардың өзара байланысын тасымалдайтындығыайдан анық бола бастады. Осылайша, қоғам қандай да бір дәрежеде табиғи ландшафттарды антропогенді ландшафттарға модификациялайды, түрін өзгертеді. Антропогендік түр өзгергіштік жаһандық көрініс тапты, пайдалы қазбаларды қазып алу және пайдалану, химиялық заттарды өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығында қолдану, жасанды минералдарды өндіру және тағы сондай салалардағы ғылыми-

техникалық прогресске байланысты жаңа өзіне тән ерекшеліктерге ие бола бастады.

Техногенді геохимиялық жаңа түзілімдердің қатарына келесідей минералдық, химиялық және биотикалық өнімдерді бөліп көрсетеді: «1) өндірістің әртүрлі салаларының отынның жануынан келетін аэрозольды және шаң-тозаң қалдықтар; 2) техногенді ластану өнімдерінің табиғиминералды және органикалық заттармен биохимиялық реакциялардың нәтижесінде-газдық; 3) тұздың аккумуляциялары-суармалы аудандарындағы екінші қайта тұздандыру, тұз ұстағыш үйінділердің желге мүжілулері, сонымен қатар су тоғандарындағы, топырақтардағы және тағы сондай булану процесстеріне орай; 4) коллоидты сорбцияның минералды және органикалық өнімдері-улы элементтер және олардың иондық, молекулалық, газ және тағы басқа түрлердегі қосылыстары; 5) металлоорганикалық қосылыстар-металдың орнын басқан көмірсутектер мен олардың туындылары; 6) геомикробиологиялық синтездеу өнімдері-табиғи ортаның азотпен, күкіртпен, темірмен және биоцидті заттармен техногенді ластану жағдайларында темір, күкірт және азотобактериялар өндіретін көптеген органикалық және минералды органикалық қосылыстар; 7) жасанды материалдар және геопетрогенді синтездеу минералдары-бағалы тастар, шыныдан, бетоннан және тағы басқалар жасалған құрылыс материалдары; 8) техногенді контаминациялардың жекелеген химиялық элементтерінің, әсіресе сынаптың, алюминидің, темірдің, қорғасынның, мырыштың және тағы басқа литосферада, гидросферада, атмосферада, биосфераның органикалық затында жинақталатын геохимиялық ореолдары мен аномиялары; 9) тотығу-тотықсыздану процесстерінің, гидролиздің, сілтіден айырылудың, гидротацияның, дегидрацияның, карбонданудың, декарбондалудың және техногенді ластанудың әсерінен биосферада белсенді өрбитін басқа да геохимиялық процесстердің минералды, әсіресе мутабельді құрылымдары (асқын тотықтар, гидрототықтар, карбонаттар, силикаттар, фосфаттар және басқа да жаңа түзілімдер); 10) техногенді қышқылдармен, сілтілермен, минералды және органикалық өнімдермен, улы элементтермен және қосылыстармен ластанудың нәтижесінде түзілетін табиғи сулардың (көлдердің, эстуарийлердің, шығанақтардың, теңіздердің) геохимиялық типтері мен класстары (сулардағы техногенді сынаптың, кадмийдің, қорғасынның, мыстың және басқа да улы элементтердің үлкен концентрациялары белгілі)».

Осылайша, әлеуметтік-экономикалық іс-әрекеттің нәтижесінде қоғам ландшафтының физикалық-географиялық процесстеріне, оның құрамдас бөліктерінің кларктық құрамына елеулі өзгерістер енгізеді. Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесу мәселелерімен айналысатын географтар адамның іс-әрекетімен туындаған, табиғиландшафттағы физикалық-географиялық салмақ ауыстырудың, заттар тепе-теңдігінің, энергияның, ақпараттың өзгеріске ұшырау процесстерінің барлық

жиынтығын антропогенез деп атайды[2]. Ландшафттық ортада жасалатын антропогендік әсер етулерді табиғи кешендер мен құрамдас бөліктердің өзгерулерінің жан-жақты аспектілерін ескеретін қандай да бір белгілері бойынша типтерге бөледі. Бұл ретте типтеудің белгісі антропогенездің айтарлықтай қырларын ашып көрсететін бөлшектерді нақтылауға тиіс; шаруашылық іс-әрекеттің түрі бойынша; өндіріс технологиясы бойынша; антропогенезге тартылған кешендер мен құрамдас бөліктердің құрамы бойынша; антропогенездің әрекетінің рөлі бойынша.

Атқаратын рөлі бойынша-антропогенездің деструктивті, конструктивті, ренеративті типтерін бөліп алуға болады. Кеңістіктегі орналасу ерекшелігіне байланысты антропогенездің типтенуін үш деңгейге бөліп қарастыруға болады: локальдық-фациялар, сайлар және белгілі бір жерлер деңгейіндегі табиғи кешендер өзгеріске ұшырайды; аймақтық-антропогендік трансформациямен физикалық-географиялық аймақтан кем емес табиғи кешендерді қамтитын; жаһандық-бұл кезде акцент, басты назар адамзаттың әсер етуімен географиялық қабықтың құрамдас бөліктеріндегі ғаламшарлық өзгерістерге аударылады.

Антропогенездің шаруашылық іс-әрекетінің түрлері бойынша мына типтерді ажыратуға болады: аграрогенез, зоогенез, пирогенез, орманды пайдалану және орманды қалпына келтіру, рекреациялық процесс және техногенез. Аталған типтеуде ғылыми әдебиетте «техногенез» сөзінің әртүрлі түсіндірулері бар.

Ғылыми айналымға ХХ ғасырдың 30-шы жылдарының басында А.Е.Ферсман егізген «техногенез» термині табиғаттағы антропогенді өзгерістерді түсіндіруге ие болды, сонымен қатар «антропогенез» терминінің синонимі ретінде қолданылады. В.И.Федотовқа[3] сәйкес, осы түсініктердің көлемдері бір-біріне тұтас және бөлік ретінде қатысты болатындықтан, «антропогенез» және «техногенез» түсініктерін араластыруға жол беруге болмайды. «Техногенезге табиғи жағдайлардың техниканың қатысуымен жүретін кез келген өзгерістерін емес, осыларда техникалық блок жетекші, басты болып табылатын геотехникалық жүйелерді пайдаланған кезде туындағандарын ғана жатқызу керектігін атай кеткеніміз жөн».

Антропогенезді ландшафттағы өзгерістердің сипаты бойынша типтендіруді шаруашылық іс-әрекетінің кез келген түрі кезінде келесі негізгі топтармен шектейді: механикалық, химиялық, биологиялық, жылу-радияциялық, электромагниттік топтар.

Табиғи ландшафт-қоғамның тіршілік әрекетінің аса маңызды факторы. Бұл шаруашылық және әлеуметтік дамудың кеңістіктік базисі ретіндегі аумақта, бұл ландшафттың барлық құрамдас бөліктерінде: тау жыныстары, топырақтар, жер бетіндегі және жер астындағы сулар, атмосфераның төменгі қабаттары, өсімдік және жануарлар әлемі де. Ландшафттық сфераны игеру барысында қоғам өзінің тіршілік әрекеті үшін пайдалы түрлендірулермен қатар, ландшафттарға теріс әсерлерін де тигізеді. Мысалы, пайдалы қазбаларды

шығарған кезде литосфераның жоғарғы қабаттары бұзылуға ұшырайды, жер асты суларының және тау жыныстарының көптеген миллиондаған жылдар бойына ландшафттың қазіргі келбетін қалыптастыруға қатыспаған, тереңде жатқан көкжиектері ашылады. Жердің бетіне түскен тау жыныстары қоршаған ландшафттарға ластаушы әсерін тигізеді, оның биогендік игерілуін қиындатады. Ауылшаруашылық өндірісі кезінде топырақ эрозиясы мен дефляциясының күшею процестері көрініс табады, екінші реттік тұзданудың арта түсуі байқалады. Аумақтарды ұтымсыз игеру өсімдік және жануарлар әлемінің популяциясының қысқаруына, олардың мекендеу жағдайларының трансформациялануына алып келеді. Жалпы алғанда, ландшафтыны шаруашылықта пайдаланған кезде антропогендік геохимиялық ластануы жүреді.

Жалпы ландшафттардың антропогенді геохимиялық (техногендік) ластану жағдайы Қазақстан барлық өндіріс аймақтарына тән. Ландшафттардың техногендік ластануы онда өндірістің утильденбейтін, жойылмайтын қалдықтары-пайдаланған сулар, қатты қалдықтар, атмосфераға лақтырылымдар таралған кезде, сонымен қатар ауылшаруашылығында қолданылатын химиялық заттары, құралдары шашыраған кезде байқалады.

Ластану көздерін практикада көбінесе келесі белгілері бойынша анықтайды: адамның іс-әрекетінің түрі (мысалға, тау-шахталық машина жасау, суармалы көкөніс өсіру); іс-әрекеттің нақтылы нысандары (завод, қоқыс үйетін жер, автокөлік және т.с); ластаушы заттардың материалдық таратушылары (өндіріс қалдықтары, химияландыру заттары. [4]

Химияландыру заттары-агродақылдардың өнімділігін арттыру және зиянкестермен күресу мақсатында топыраққа енгізіледі. Ландшафттардың ластануы, көбінесе «химияны» ұтымсыз пайдаланудың жанама әсері.

Өндіріс қалдықтары-қоғам пайдаланатын және өңдейтін материалдардың аталған уақытта жойылмайтын және ландшафттық ортаға қайтарылатын бөлігі. Ластану, бұл ретте, қалдықтардың пайда болуының болмай қоймайтын салдары. Практикада қоймаға жиналатын қалдықтарды, сондай-ақ лақтырулар мен ағындарды бөліп көрсетеді.

Сұйық та, қатты да қоймаға жиналатын қалдықтар коммуналды-өндірістік әрекеттің қалдықтарының қоқыс үйетін жерлерде көму немесе полигондарда (одан кейін жоюға арналған жинағыштарда, хвостохранилище) депонациялау мақсатында жиналатын бөлігін құрайды.

Ағындар- сұйық қалдықтардың ландшафттағы табиғи миграциялық арналар бойынша шашырайтын бөлігі. Ағынның құрылымында дисперсиялық ортаны-ерітіндінің сұйық фазасы және дисперсиялық фазаны-қалықтаған бөлшектер, сулы ұшпа, қалықтаған заттар.

Лақтырулар-қалдықтардың атмосфераға шашырайтын бөлігі. Лақтырулар екі фазадан: ауа-газ қоспасынан, қатты бөлшектерден-ауаның ұшпасынан, шаң-тозаңнан, аэрозольдерден тұрады.

Табиғатты қорғау қызметінің практикасында ластаушы заттардың ландшафттарға келіп түсу сипаты бойынша: ұйымдасқан және ұйымдаспаған лақтырулар мен ағындарды бөліп көрсетеді, біріншілері алуан түрлі техникалық құрылғылар арқылы жүзеге асырылады және мұнда ластаушы заттарды сандық, мөлшерлік есепке алу мүмкін болады, ұйымдаспаған қалдықтар стихиялы түрде пайда болады, бұл конвейерлерден, көлік құралдарынан және т.с. тозаңдану; локальды, нүктелік, аудандық және сызықтық. Лақтырулар мен ағындардың барлық өнеркәсіптік ұйымдасқан көздері-нүктелік, ауыл шаруашылығымен, ластанған аумақтардан жер бетіндегі ағыстармен ластанудың нүктелік емес көздері байланысты болып келеді.

Табиғи, табиғи-антропогендік кешендердің техногенді ластануы өзінің құрамы бойынша поликомпонентті болып табылады және құрамында органикалық, органоминералды және минералды ластаушы заттардың айтарлықтай мөлшері болады. Көзді, ластаушы заттардың шеңберін, олардың болу түрлерін және ландшафттағы көшіп-қонуын білу табиғатты ұтымды пайдалану мақсаттары үшін ең тиімді табиғат қорғау шараларын жасап шығаруға мүмкіндік береді.

1. Исаков Ю.А., Казанская Н.С., Панфилов Д.В., «Классификация, география и антропогенная трансформация экосистем» –М.:1970.- 186 с.
2. Ферсман А.Е., «Геохимия»- М.:1993г.-354с.
3. Федотов В.И. «Техногенные ландшафты: теория, региональные структуры, практика»-Воронеж., 1985г.- 213с.
4. Волкова В.Г. «Техногенез и трансформация ландшафтов»-Новосибирск: Наука.сиб.отд.1987. –185с.

Резюме

В статье рассмотрены основные антропогенные факторы влияющие на окружающую среду, а также некоторые пути их решения.

Summary

Givin article deals with main antropogenic factors which affect environment. And also some ways of resolution.Of them.

ӘОЖ:373:26.8(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Тургумбекова Н.М.

Абай атындағы ҚазҰПУ, География-экология факультеті,
Елтану кафедрасының оқытушысы

XX ғасырда дүниежүзілік шаруашылықтың дамуындағы маңызды кезең - ғылыми-техникалық прогреске байланысты агроөнеркәсіптік кешеннің қалыптасуы (АӨК). АӨК-ді қалыптастыру негізінен ауыл шаруашылық шикізаттарынан дайындалған және қайта өңдеуден өткізілген тағам өнімдері мен халық тұтынатын тауарларға деген сұраныстың өсуінен болып отыр. Аграрлық сөзі (лат. тілінде agrarius) – жер, жерді игеру, жерді пайдалану деген мағынаны білдіреді.

XX ғасырдың екінші жартысында дүниежүзілік агроөнеркәсіптік кешен жүйесі құрылды.

Агроөнеркәсіптік кешеннің басты мақсаты – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, оларды сақтау, сапалы өңдеу және сенімді негізде тұтынушысына жеткізу болып табылады. Ауыл шаруашылығы бұл міндеттерді шешуді басқа көптеген салалармен берік байланысы негізінде ғана жүзеге асыра алады. Сондықтан ауыл шаруашылығының қажеттіліктерін және оның өнімдерін өңдеуге қызмет ететін өндірістермен өзара байланысын тұрақты түрде кеңейтіп отыруы тиіс.

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен оларды тұтынушыларға жеткізуге қатысатын барлық шаруашылық салаларын біріктіреді.

Қазіргі таңда агроөнеркәсіптік кешеннің даму мәселесі экономикалық саясаттың басты басымдықтарының бірі. Сонымен қатар оның әрі қарай бәсекеге қабілеттілігін нығайту мақсатында арнайы шаралар қабылданып жатыр. Бүгінде агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты даму тұжырымдамасы іске асырылуда.

Агроөнеркәсіптік кешеннің алдына бірқатар мақсаттар қойылды.

Бұл ретте кезек күттірмес мақсат ретінде *ауылшаруашылығын өндіріспен байланыстыру* болып отыр. Ол саланы сапалы техникамен жабдықтау көлемін арттыру, агротехнологияларға бағыну, ғылыми қамтамасыздықты күшейту, инновациялық жобаларды қолданысқа енгізу мен нақты сектордың сұраныстарына сәйкес мамандармен қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру арқылы қамтамасыз етіледі [1].

Екінші міндет - ауылшаруашылығы өндірісінің инфрақұрылымын дамыту. "Ауылшаруашылығы өнімдерінің дайындау мен сатудың тиімді моделін құру, қаржылық және ақпараттық-маркетингтік жүйелер құру, халықаралық стандарттарды енгізу, азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін олардың сапасын қадағалау жағдайын жақсарту көзделген. Бұл ретте өзімізде бар шикізаттар қорын жоғары деңгейде пайдаланудың маңызы артады [2].

Агроөнеркәсіптік кешеннің алдында тұрған тағы *бір міндет* - ауылшаруашылығының ұлттық бәсекелестік артықшылықтарын дамыту болып табылады. Талдау нәтижелері көрсеткендей, еліміздің ауылшаруашылығы саласында бірқатар артықшылықтар мен ауқымды іске

асырылмаған әлеует бар. Оларды бәсекелестікте табысты пайдалануға болады. Атап айтсақ, шикізатты өндіруге және оны өңдеуге жұмсалатын шығынның салыстырмалы түрде төмендігі, өндірілетін өнім мөлшерінің ел ішінде тұтынылатын мөлшерден біршама артықтығы, отандық өнімдердің экологиялық тазалығы, өз қуат көздерімізбен қамтамасыз ету мүмкіндігі мен қаржылық институттардың капиталы [3].

Төртінші міндет - агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің нарығын мемлекеттік реттеу және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қазақстан үшін азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатерді жою үшін ішкі рынокты реттеудің маңызы зор. Бұл қажеттілік сонымен бірге ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру көлемінің маусымдық өзгерістеріне және сонымен сабақтас азық-түлік өнімдерінің ішкі нарыққа бірдей көлемде жеткізілмейтіндігіне де байланысты. Бұл факторлар өз кезегінде бағаның шұғыл өзгеріп отыруы мен инфляциялық процесстерге алып келуде.

Стратегиялық міндеттерді іске асыру үшін келесі іс-шаралар кешені жүзеге асырылады.

1. Инвестицияларды агроөнеркәсіптік кешеннің басым міндеттерін орындауға шоғырландыру және бағыттау.

Осы міндеттің айналасында келесі мақсаттарға жету жоспарланады:

1. Агроөнеркәсіптік кешеннің маңызды міндеттерін қаржыландыруға бюджеттен қаражат бөлу, ауыл кәсіпкерлігін дамытуды ынталандыру.
2. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қажетін толық қанағаттандыру үшін бюджеттен тыс көздерден инвестиция тарту.

2. Агроөнеркәсіптік кешен саласында мемлекеттік инвестициялардың тиімділігін арттыру.

3. Аграрлық өндірістік және сервистік инфрақұрылымды дамыту.

Бұл міндет агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жабдықтау деңгейін көтеруге, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеудің қазіргі заманғы технологияларын енгізуге бағытталған. Аймақты жеңілдетілген несиелендірудің қаупін төмендету. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің шағын бірлестіктерін ынталандыру, ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығынан тыс бизнесті дамыту. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен ауыл тұрғындарын ақпараттық қамтамасыз ету жұмыстарын дамыту.

Агроөнеркәсіптік кешеннің инфрақұрылымын дамыту шеңберінде келесі мақсаттар анықталды:

1. Агроөнеркәсіп кешенін ауыл шаруашылығы техникасы және жабдықтарымен қамтамасыз ету.
2. Аграрлық сектордың талабына сәйкес несиелік серіктестіктер жүйесін дамыту.
3. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мен оны жабдықтау-сатып өткізу инфрақұрылымының бірлестіктерін құруды ынталандыру.

4. Ауылдық жерлердегі кәсіпкерліктің ауыл шаруашылығына жатпайтын түрлеріне қолдау көрсету.
5. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге екінші деңгейдегі банктердің берген несиелері бойынша кепілдік жүйесінің беріктігін қамсыздандыру және дамыту.
6. Ақпараттық-кеңестік орталықтардың аймақтық желілерін ауыл айналасының деңгейіне дейін кеңейту;
7. Ауылдық жерлерде шағын несиелендірудің институционалды инфрақұрылымын қалыптастыру.
8. Өсімдік өсіру шаруашылығында сақтандыру жүйесін дамытуды ынталандыру.
9. Көрме-жәрмеңке шараларына агроөнеркәсіп кешені субъектілерінің кеңінен көптеп қатысуын қамтамасыз ету.

4. Агроөнеркәсіптік кешенде кластерлердің қалыптасуына және дамуына көмек көрсету.

Осы міндет айналасында келесі мақсаттарға жету қажет:

1. *Мақта кластерін қалыптастырып, дамытуға көмек көрсету.*
2. *Өсімдік шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу өндірісін қалыптастырып, дамытуға көмек көрсету.*
3. *Жеміс-жидек кластерін қалыптастырып, дамытуға көмек көрсету.*
4. *Агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін экспортқа шығаруды дамыту.*
5. *Ішкі азық-түлік нарықтарын ретке келтіру және тұрақтандыру.*
6. *Корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру.*

Аграрлық салаға тұтас мемлекеттік қолдау көрсету жүйесі жасалды. Ең алдымен, ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің кәсіпкерлік ынтасын ынталандыруға және агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілетті бағыттарын тездетіп дамытуға қолайлы жағдайлар туғызылуда.

Республикалық бюджеттен 2011 жылы ауыл шаруашылығы саласына 96 млрд. теңгеден артық қаржы қарастырылды. Оның ішінде 41,3 млрд. теңге өндірісті субсидиялауға, ол өткен жылғы деңгеймен салыстырғанда 3% жоғары. Бұдан басқа, инвестициялық жобаларды іске асыруға “ҚазАгро” холдингіне Ұлттық қордан 120 млрд. теңге бөлініп отыр. Оның 70 млрд. теңгесі уақытша бос қаражаттар, ол маусымдық егу және жинау жұмыстарын несиелендіруге бөлінген.

Бүгінгі таңда өсімдік шаруашылығын әртараптандыру маңызды рөл атқарады. Ол ауыл шаруашылығында басымдылық дәнді дақылдар өндірісін ынталандыруға бағытталған. Ауылшаруашылық өнімінің көлемін мемлекеттік реттеу мәселесі көбіне субсидиялау бағдарламаларын іске асыру арқылы шешім табады.

Сонымен қатар, өсімдік шаруашылығының ішкі рынокты молықтыруына байланысты алдағы уақыттарда экспорттық әлеуетті арттыру қажет. Алдымен, ол астық өндірісіне қатысты. Оған жаңадан жерлерді жырту, химияландыру және қазіргі заманғы ылғал сақтау технологияларын

енгізу есебінен қол жеткізуге болады. Сонымен бірге, экспорттық бағытты күшейту мақсатында қолданыстағы астық терминалдары мүмкіндіктерін әрі қарай нығайтып және инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы экспорттың барлық бағыттарында жаңадан астық терминалдарын салу көзделіп отыр.

Мал шаруашылығында да оң тенденция сақталып отыр. Малдың барлық түрінің саны және мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісі жыл сайын орташа 4-5%-ға тұрақты өсіп отыр. Малды асылдандыру, асыл тұқымды төл өсіру, асыл тұқымды шаруашылықтардың санын ұлғайту, жасанды ұрықтандыру орындарын көбейту іске асырылды. Мал шаруашылығы өндірісін мамандандыру және концентрациялау, оның өндірістік негізге ауыстыру үрдісі жалғасуда.

Мал шаруашылығы саласында орта және ірі тауарлы құрылымдарды ынталандыру мақсатында, өндірістік негізде құрамажем, өндіріске қолданылатын ірі қара мал еті, шошқа еті, құс еті, жұмыртқа, сүт және биязы жүн құны ішінара субсидиялануда.

Аталмыш шара, бір жағынан қазіргі ауыр жағдайдағы қайта өңдеу кәсіпорындарына қолдау көрсетуге, екінші жағынан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қайта өңдеу саласын дамыту үшін, алдымен, қайта өңдеу кәсіпорындарын техникалық және технологиялық қайта жабдықтау қажет. Сонымен бірге, қайта өңдеу қуаттылығын сапалы шикізатпен толықтай қамтамасыз ету жөнінде де жұмыстар атқарылуда. Өндірілген өнімді өткізуге жағдай жасауда отандық өндірушілерге қолдау көрсету мақсатында мемлекет бірқатар шараларды іске асырып жатыр.

Экспорттық әлеуетті дамыту үшін басты назар инвестициялық жобаларға аударылуда. Атап айтқанда, инфрақұрылымы дамыған мал бордақылау алаңдарының жүйесін құру, сою пункттері, биязы жүнді қой шаруашылығын жандандандыру, жеміс-көкөніс өнімдерін қайта өңдеу, астықты терең әдіспен қайта өңдеу технологиясын дамытуға көңіл бөлінуде.

Әлемдік тәжірибеге сай болу үшін агроөнеркәсіптік кешеннің нарыққа бағытталған заңнамалық негізін қалауда да жұмыстар жүргізіліп жатыр. Биыл “Ветеринария туралы” заңға бірқатар түзетулер енгізілді. Заңнамалық негіздің шетелдік үлгіге үйлесімділігі ескерілді. Бұл біздің мал шаруашылығы өнімдерін сыртқы рынокқа шығару жолында кездесетін көптеген кедергілерді жоюға мүмкіндік береді. Фитосанитарлық іс-шаралар сапасын жақсарту мақсатында, фитосанитарлық мәселелердің кейбір заңнамалық актілеріне түзетулер енгізілді. Су шаруашылығы саласындағы заңнаманы жетілдіру үшін биылғы жылы Су кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Жалпы, Қазақстанда бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік өндірісті дамытуға, экспорттық мүмкіндіктерді ұлғайтуға, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің табыстарын көтеруге, отандық тауар

өндірушілердің ішкі және сыртқы рыноктардағы ұстанымын айрықша бекітуге қажетті тиімді жағдайлар жасалды.

Елбасының қойған тапсырмаларын орындау үшін экономиканың аграрлық саласының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тиімді мөлшерде өнім өндіру, ішкі рынокқа жететіндей тұрғыда, сондай-ақ экспорттық әлеуетті қалыптасыру мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігінде агроөнеркәсіптік кешеннің 2014 жылға дейін даму бағдарламасы әзірленді. Оны әзірлеу барысында бірқатар инновациялық көзқарастар ескерілді.

Біріншіден, өткізу рыногы бар өнім өндірісіне екпін түсіру, ең алдымен, импортты алмастыру және экспортқа жол ашу.

Екіншіден, бағдарлама субсидияның жаңа идеологияға өтуін көздейді, ол, озық технологияны енгізуді және өндірістің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуды ынталандыру болып табылады. Жеке бюджеттік бағдарламада аталған әдісті жүзеге асыру биылғы жылы басталды.

Үшіншіден, келешегі бар бағыттарды нақтылау шараларын және мамандандырылған аймақтарда шеберлік-жоспарлардың болжамдылығын жетілдіруді күшейту. Келешегі бар бағыттарды анықтау барысында, агроөнеркәсіптік кешеннің 65 саласы және бірқатар қосымша салалар талданып, олардың ішінен 15-і іріктеліп алынды [3].

Шеберлік-жоспарлардың бірқатары АӨК-тің келешегі бар бағдары – өсімдік шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған. Ол астық өндірісі және оны тереңдете қайта өңдеу мен өнімдердің экспортын, майлы дақылдарды және жеміс-көкөніс өнімдерін өндіру және қайта өңдеу, қант қызылшасынан ақ қант өндіру мақсаттарын көздейді.

Бағдарламада мал шаруашылығы саласының дамуына да үлкен назар бөлінген. Мұнда мемлекеттік қолдаудың жаңа түрлерін және механизмдерін енгізу жоспарланып отыр. Олар: құрамында асыл тұқымды аналық малдары бар тауарлы шаруашылықтарда субсидиялау; пайыздық мөлшерлі несие бойынша субсидиялау, ауылшаруашылық құрылымдары, мал шаруашылығы және құс шаруашылығы объектілерінің құрылысы және қайта жөндеу, жоғарғы өнімді асыл тұқымды малдар мен асыл тұқымды материалдар сатып алу; 100% ауылшаруашылық құрылымдарын қамтитын кең ауқымды селекция [4].

Ет және ет өнімдерінің өндірісі және экспорты, биязы жүнді және оның қайта терең өңдеудегі өнімдерінің өндірісі және экспорты, сүт және сүт өнімдерінің өндірісі, құс шаруашылығын дамыту мәселелері де басты назарда. Бағдарламада өсімдік және мал шаруашылығымен қатар қайта өңдеу өнеркәсібінің жаңаша дамуы қарастырылған. Тамақ өнімдерінің өндірісі мен ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеудің барлық түріне ҚҚС-тың жеңілдікті мөлшері қарастырылады. Қайта өңдеген шикізат көлемін субсидиялау арқылы отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үлесі арттырылады. Ел ішінде қайта өңделген өнімдерді өткізетін тұрақты

базар ашу, оның ішінде көліктік-логистикалық жүйе құру да негізгі міндет. Шетелдік стандартты енгізген қайта өңдеу кәсіпорындарының санын 2015 жылға дейін 420 бірлікке жеткізу көзделуде [5].

Егер сәйкесті ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету болмаса, агроөнеркәсіптік кешен салаларын тиімді және толық ауқымда дамыту мүмкін емес. Аграрлық ғылымды дамытудың және мамандарды дайындаудың басты жолы да осындай мақсаттарға бағындырылған.

Олар: агротехнологияларды шетелдік трансфертпен қамтамасыз ету, 5 мың бірлік генетикалық ақпараттарды беру жолымен, 32 шетелдік НИОКР жобаларын іске асыру: АӨК-тің инновациялық жүйесін құру, аграрлық ғылымның өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын құру.

2014 жылға дейін жоғары білімді мамандармен сұраныстың 98%-ы қамтамасыз етіледі (техникалық және кәсіптік ортанғы буын – 89,2%, бастапқы буын 82,5% дейін).

Өзектілік және бағдарлама тапсырмаларының ауқымы бізден тездетілген ірі тауарлы өндіріске өтуді, алдыңғы қатарлы технологиялар жүйесін енгізуді, сонымен қатар ауылшаруашылық өнімдерін барынша сапалы дайындауға күш жұмсауды талап етеді, онсыз біздің өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мүмкін емес. Осыған байланысты өнімдерді дайындау және іске асыру ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің кооперациясы негізінде жүзеге асырылады.

Аграрлық несие корпорациясы мен “Оңтүстік” ӘКК-нің ауылдық тұтыну кооперативтерін құру тәжірибесі көрсеткендей, бұл орайда әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қатысуымен сервистік-дайындау орталықтарын құру тиімді болып келеді. Ол өз кезегінде, бастапқы кезеңде кооператив мүшелерінің қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуіне және өндірілген өнімді тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Сервистік-дайындау орталықтары ауылшаруашылық өндірісі дамуын ынталандыратын, өнімнің көлемін, сортиментін ұлғайтатын, ауылшаруашылық құрылымдар өнімдерінің сапасын жақсартатын және ауылшаруашылық тауарлар құнын төмендететін ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізетін ұйым болады.

Сервистік-дайындау орталықтарын құру ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне орталықтан және өндірісті айналым қаражаттары есебінен қажетті қаржылық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Олардың аймақтарда баға қалыптастыруда маңызды ықпалы бар.

Осылайша, кең ауқымды іс-шараларды жүзеге асыру бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық өнімнің тұрақты өндірісін, ішкі қажеттілікті азық-түлікпен молықтыру және экспортқа жол ашуды қамтамасыз етеді.

Экономиканың аграрлық секторының қоғамдағы орны мен рөлін түсінудегі сапалы өзгерістердің бет алуы мемлекеттік стратегиялық жаңа концепцияларын әзірлеумен, нарық жағдайындағы оның әлеуметтік-экономикалық даму моделдерін жаңғыртумен байланысты.

Республикамыздың агроөнеркәсіп кешені экономиканың аса маңызды саласы және экономикалық дағдарысты жою, тамақ және жеңіл өнеркәсіптерін дамыту, саяси-әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында шешуші рөл атқарады. Ауыл шаруашылығы – бұл еліміздің экономикасын биікке асқақтататын маңызды салалардың бірі болып табылады. Ауыл шаруашылығы дегенде еріксіз ойымызға кең байтақ жеріміз, төрт-түлік малымыз, егінді алқаптарымыз оралады. Осы табиғаттың берген сыйын жоғалтпау үшін ауыл шаруашылығының жағдайын жақсартатын бір әдіс-тәсілдер керек сияқты.

Нарыққа көшкенде Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің аса маңызды өзіндік ерекшеліктері болды. Олар мыналар:

- Еліміз бойынша әсіресе пайдаланылатын жер көлемі жөнінен орташа кәсіпорындар басым болып отырғанда негізінен ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындарының болуы. Бұл, өз кезегінде, жер реформасын жүзеге асыру және өндіріс құрал –жабдықтарына меншікті иелікке беру формаларына әсер етеді;
- Қазақстан агроөнеркәсіп кешенінің шикізатқа бағытталуы негізінен алғанда өндіру, ұқсату, сақтау, өткізу кезеңдерін қамтитын, оның салалары арасындағы сақталып келе жатқан тепе-теңсіздікке байланысты. Ауыл шаруашылық өнімдерінің негізгі бөлегі ұқсатылмаған күйінде басқа аймақтарға жіберіліп, республикада құралған таза табыстың дені соларда қалып қояды;
а) 19,5 б) 20,0 в) 21,1 г) 22,2 д) 23,7
49. При взаимодействии 8,4 г оксида кальция с оксидом азота (V) образуется соль массой (г)
а) 24,6 б) 25,7 в) 26,8 г) 28,2 д) 29,9
50. При взаимодействии 9,18 г оксида бария с оксидом фосфора (V) образуется соль массой (г)
а) 11,01 б) 12,02 в) 13,03 г) 14,04 д) 15,05

№	Правильные ответы				
	а	б	в	г	д
1.			+		
2.	+				
3.		+			
4.					+
5.				+	
6.				+	
7.			+		
8.	+				
9.	+				
10.				+	
11.			+		
12.					+
13.	+				
14.		+			

15.					+
16.				+	
17.			+		
18.	+				
19.					+
20.		+			
21.					+
22.	+				
23.		+			
24.			+		
25.				+	
26.	+				
27.					+
28.			+		
29.		+			
30.		+			
31.				+	
32.		+			
33.					+
34.					+
35.		+			
36.			+		
37.			+		
38.	+				
39.					+
40.					+
41.		+			
42.				+	
43.			+		
44.					+
45.	+				
46.		+			
47.			+		
48.					+
49.	+				
50.		+			

1. Чернобильская Г.М. Основы методики обучения химии. М., Просвещение, 1987
2. Рысс В.Л. Контроль знаний учащихся. М., Педагогика, 1982

Түйін

Мектептегі химия курсының «Оксидтер» тақырыбы бойынша тест тапсырмалары берілген.

Summary

Followed the test examples on the course chemistry «Oxides».
ӘОЖ 37.015.311

МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ПӘНДЕРДІҢ ЭКОЛОГИЗАЦИЯЛАУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми-зерттеу институты*

Нуриев М.А., Маханова Н. Б.

XXI ғасырдың күн тәртібінде экологиялық білім қалыптасқан өзіндік мақсат емес, ол адамның табиғатты тиімді тұтыну тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажет салауатты өмір, құндылықтар білімді өзгертудің негізгі механизмі ретінде қарастырылады.

Қазіргі кезде экологиялық тәрбие беру мен білім беру жүйелерін дамыту өзекті бағыттарының бірі және экология әлеуметтік мәселеге айналып отыр. Олай дейтін себебіміз XXI ғасырда өмір сүріп отырған, білімнен кенде емес азаматтардың қолындағы қажетсіз немесе пайдаланылған заттарын көшенің кез-келген жеріне тастай салуы - табиғатты аямаудағы, оның тиетін зияны туралы білімнің жеткіліксіздігінің, ата-баба салтын дұрыс сақтай білмеуінің айғағы. Соның нәтижесінде елімізде соңғы кезде қоршаған ортаның экологиялық жағдайы адамның түрлі ауруларға шалдығуына алып келді. Атап айтқанда, Қазақстан статистикалық агенттігінің сандық көрсеткіші бойынша, еліміздегі халықтың тіркелген ауру адамдар саны 2008 жылы (алғаш рет диагноз қойылған аурулардың 100 000 адамға шаққандағы саны) 58 310,4 болса, ал 2009 жылы, яғни бір жыл ішінде 60 249,8 дейін артқанын байқаймыз. Оның ішінде тыныс алу мүшелері ауруларына шалдығу 2008 жылы 22 956,1 болып, ал 2009 жылы 24 569,7 бөлігі орын алады.

Қоршаған ортаға күнделікті қоқыстардың тасталуымен қатар, өндіріс орындарының күрт артуы, ғылыми-техникалық революцияның дамуына байланысты, қоршаған ортаны сақтауға, қорғауға және табиғи ресурстарды үнемді пайдалануға өз әсерін тигізіп отыр. Бұл мәселелерге түсініксіздікпен селсоқ қарау мен техникалық экологиялық қате саясаттар, қоршаған ортаның ластануына және жер бетіндегі организмдердің қалыптасқан жағдайларына негативті әсерін тигізеді. Қордаланған негізгі проблемаларды шешуде, табиғат пен адамзат қоғамының арасындағы қарым-қатынастардың орны ерекше. Бұл қарым-қатынастардың дұрыс дамымауы адамзатқа үлкен қауіптер туғызуы мүмкін. Табиғат ресурстары мен өзіндік құны арзан қажетті заттарды алу, экономикалық пайда табу – экологияны бұзудың негізгі

себептерінің бірі. Түптеп келгенде, адамдар қазіргі уақытта өз іс-әрекеті нәтижесінде туындаған апаттармен арпалысып жүр. Әсіресе, адамзаттың қоршаған ортаға әсері мен оған деген орныққан көзқарастарының биосферада қалыптасқан тепе-теңдіктерді сақтаудағы орны ерекше болып отыр. Егер адамзат қоғамы биосферадағы тіршілікті сақтап қалғысы келсе, онда олар табиғат байлықтарына және оларды пайдалануға деген көзқарастарын күрт өзгертуі қажет [1]. Бұл көзқарастың іргелі өзгеруі үздіксіз білім беру жағдайында іске асады.

Әлем қарыштап даму кезінде ақпараттардың көлемі жылдан жылға көбейіп, ескі мәліметтер өңделіп, ғылымнан жаңалықтар күн санап ашылған сайын білім беру ордаларында осы ақпараттарды білім бағдарламасына ендіру, соған сай білім беруді талап етеді. Бүгінгі жағдайда елімізде жалпы білім беретін мектептерде оқу бағдарламасында тақырыптардың қайталануы және оған артық мөлшерде бөлуі орын алады. Нақтырақ келтіретін болсақ, өзара байланысты пәндердің экологизациялау пәндері болып табылатын «Дүниетану 1-4 сынып», «География 6-9 сынып», «Биология», «Өзін-өзі тану 1-11 сынып» пәндер бағдарламасында тақырыптардың бірнеше рет қайталануы және оған артық сағаттар бөлінген. Осындай бағдарламадағы мәселелердің түйінін шешіп, қазіргі заманға сай жаңа ақпараттармен толықтыруын меңзейді.

Экологизациялау мазмұнымен қамтамасыз етілген пәндердің тақырыптарын талдау нәтижесінде кейбір тақырыптарға ауқымды және басқа пәндерде сол тақырып күйінде қайталану көптеп кездеседі (Талдау нәтижесінде анықталған мәселелер тек бір мысалмен келтірілген). Олар келесідегідей: **біріншіден, тақырыптардың қайталануы.** Мысал келтіретін болсақ, 1 сынып «Дүниетану» пәніндегі ««Ауа», «су», «топырақ», «күн» ұғымдары туралы алғашқы түсініктер. Ауа және оның маңызы. Су және оның маңызы.» тақырыбы «Өзін-өзі тану» пәнінде ««Табиғат», «Жер», «Су, «Ауа», Топырақ» туралы ұғымдар. Табиғат байлығының адам өміріндегі маңыздылығы туралы түсінік. «Су» ұғымының құндылық ретіндегі мәні. Судың адам өміріндегі маңыздылығы; суға қамқорлық жасау іскерліктері.» тақырыптары мазмұны мен мақсаты қайталануы. Сонымен қатар, география, биология пәндерінде де жоғарыдағы тақырыпқа ауқымды тараулар арналған. **Екіншіден, бір тақырыптың бір мезгілде қайталануы.** Бір сыныпта бір тақырып екі пәннен қайталанып келеді. Атап айтқанда 1-ші сыныпта «Дүниетану» пәніндегі «Мен оқушымын. Мектеп оқушысының міндеттері. Оқушының мекен-жайы. Оқушының күн тәртібі, сабақ кестесі. Менің сыныбым. Сынып ұжымы. Менің мектебім. Мектеп ұжымы. Мектепте өзін-өзі ұстау ережесі.» атты тақырыбы 1-ші сыныпта «Өзін-өзі тану» пәнінде де «Оқушы мәртебесі; жақсы оқушы болуға тырысу; сыныпта ұжымға бірігу, танысу, достасу. Оқушы өмірінде ұстаздың алатын орны; оқушы мен ұстаз арасындағы өзара сыйластық. Мектептің оқушы өміріндегі маңызы, мектепте оқу, мектеп өміріне араласу.» қайталанып қатар өтеді. **Үшіншіден, жас**

ерекшелігі ескерілмеген. Дүниетану пәнінің 1-ші сыныбына «Жануарлардың негізгі топтары туралы жалпы түсініктер: сүтқоректілер (хайуанаттар), құстар, үй жануарлары, балықтар, бауырымен жорғалаушылар, жәндіктер. Жануарлар және олардың қылықтары» атты тақырыптар 5-6 жасқа толған баланың түсінуіне және қабылдауына сай келмейді. **Төртіншіден, тақырыпқа ауқымды сағат бөлінуі.** «Дүниетану» пәнінің 3-ші сыныбында «Адам - табиғаттың бір бөлшегі. Адам ағзасының құрылысы туралы жалпы түсініктер. Қаңқа және бұлшық еттер. Қимыл-қозғалыс. Дем алу мүшелері. Өкпе және оның қызметі. Ас қорыту мүшелері. Қан айналымы. Жүрек және оның қызметі. Жүйке жүйесі. Дене мүшелерінің өзара байланысы» атты тақырыпқа 8 сағат, «биология» пәнінің 8-ші сыныбында дәл бұл тақырыптарға 58 бөлінген. Сонымен қатар, тақырыптар 3-ші сынып оқитын оқушылардың меңгеруіне жас ерекшелігі сай келмегендіктен және оны жете түсінбегендіктен жаттанды түрде мұғалімге түсінік береді. Биология пәнінде ауқымды қарастырылатын болғандықтан дүниетану пәніне бұл тақырыпты енгізу біріншіден артық, екіншіден жас ерекшелігіне сәйкес келмейді.

Қорытынды талдау нәтижесінде пәндер қайталанылған тақырыптарының санын және оған бөлінген сағаттар туралы 1 кестеден көруге болады. Кестеде «Дүниетану» пәнінің 1-4 сыныптар аралығындағы қайталанатын тақырыптар 32, оның ішінде географияда 25, биологияда 12 және өзін өзі тану 7 және де оған бөлінген сағаттардың қаншалықты артық қайталанатындығы көрсетілген.

кесте 1

Пән атауы			
Дүниетану 1-4 сыныптар	География 6-9 сыныптар	Биология 6-9 сыныптар	Өзін-өзі тану 1-11 сыныптар
Қайталанатын тақырыптар саны			
32	25	12	7
Тақырыптарға бөлінген сағаттар саны			
210	149	193	17

* Қазақстан білім беру бағдарламасы негізінде құрастырылған (автор тарапынан)

Мектепте білім беру сапасын жетілдіру мақсатында жоғарыда қарастырылғандай экологизациялаудағы білім мазмұны мәселелерін қайта қарап, бір жүйеге келтіруін талап етеді. Өйткені, оқушыларға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық тәрбие беру, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда оқу бағдарламасында қандай

тақырыптармен қамтамасыз етілген және жаңадан кіріктірілген мәліметтерді енгізілуіне байланысты. Бұл жауапты жұмысты жүзеге асыруда орта мектепте өтілетін пәндердің мазмұны, білім алу бағыты маңызды. Сондықтан, білім бағдарламасы пәндер бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде қалыптастыру, пәндердегі тақырыптардың интеллектуалды тұлға қалыптастырудың шынайы қажеттігі ретінде анықтау, оқу материалы қазіргімен, мектеп ортасымен байланысты болуын анықтау, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай тақырыптардың ұсыну, пәндердің идеялық және оқытылатын пәннің ғылыми-теориялық (немесе материалдық) деңгейі, ғылыми-техникалық өрлеудің заманға сай етіп ұсыну жұмысын іске асыру міндеті тұр.

Қазақтың тамаша нақыл сөзінде айтылғандай «Көш жүре түзеледі». Еліміздің білім беру жүйесіндегі оқу бағдарламалары қайталаулардан айырылып, жүйелі түрде бір қалыпқа түседі деп сенімдемін.

1. *Экология негіздері. Оқулық /құр.: Баешов А., Дәрібаев Ж.Е., Шакиров Б.С. және т.б. – Түркістан: Тұран, 2000. -196 бет. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы. №124. 03.12.2003.*
2. *Е. Мылтықбаев., Экологиялық білім, География, Биология, Экология орта мектепте, - № 4(22) 43-45б.*
3. *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 09.07.2010 жылғы №367 бұйрығымен бекітілген. Жалпы білім беретін мектептің **1-4 сыныптарына арналған «Дүниетану» оқу бағдарламасы.**– Астана, 2010. – 21 б. Ы.Алтынсарин атындағы, Ұлттық білім беру академиясы, 2010.*
4. *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 09.07.2010 жылғы №367 бұйрығымен бекітілген. Жалпы білім беретін мектептің **6–9 сыныптарына арналған «География» оқу бағдарламасы.** – Астана, 2010. – 31б. Ы.Алтынсарин атындағы, Ұлттық білім беру академиясы, 2010.*
5. *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 09.07.2010 жылғы №367 бұйрығымен бекітілген. Жалпы білім беретін мектептің **6–9 сыныптарына арналған «Биология» оқу бағдарламасы.** – Астана, 2010. – 34 б. Ы.Алтынсарин атындағы, Ұлттық білім беру академиясы, 2010.*
6. *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 18 ақпандағы № 71 бұйрығымен бекітілген. Жалпы білім беру ұйымдарындағы **1-11-сыныптарға арналған «Өзін-өзі тану» пәнінің типтік оқу бағдарламалары,** Алматы, «Бәбек» ҰҒПББСО, Адамның үйлесімді дамуы институты, 2010 ж.*
7. www.stat.kz

Резюме

В данной статье рассматривается проблемы содержание программы экологии и экологической воспитании в школе.

Summary

This article discusses the problem of program content ecology and environmental education in the school.

ӘОЖ: 378.147.88

ЖОҒАРЫ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

И.М.Төленбек – б.ғ.к., профессор,
Ш.А.Балғынбеков – м.ғ.д., профессор,
Н.И.Отарова – магистр, оқытушы

Қазақстан Президенті Н.А.Назарбаевтың халыққа жолдаған «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында, Назарбаев Университетінде оқыған интерактивті дәрісінде және ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарды қамтитын мемлекеттік бағдарламасында дамыған елдермен бәсекелес болу үшін аса қажет алғышарттардың алдыңғы қатарына білім мен ғылымды жатқызғаны бұл мәселелерге деген оң көзқарасты жаңа деңгейге көтеруге итермеші болады деп күтудеміз [1, 2, 3]. «Білім-ғылым-өндіріс» үш тағаның қоғамның алға жылжуының шешуші факторлары деп есептегенде, осы үшеуінің бастауы білімде екені және белгілі. Сол себептен де соңғы жылдары бұл салаға мемлекет тарапынан айрықша көңіл бөлінуде.

Қазіргі кезде білім берудің жай-жапсары әр түрлі деңгейлерде талқыланып, оны жетілдірудің жолдары анықталып, соған орай шешімдер, қаулы-қарарлар қабылдануда. Басқа елдердің білім беру тәжірибесі зерттеліп, озық деп танылғандарын өз ісімізде пайдаланудамыз. Жаһандану заманында бұлай етпеуге болмайтындығы түсінікті. Солай дегенімізбен, бұл мәселеде бір жақтылыққа ұрынып қалып жүргеніміз де бар тәрізді [4]. Көп уақыт бойы әлемде бір-бірімен бәсекелес екі саяси-қоғамдық жүйе өмір сүрді. Оның әрқайсысының өз идеологиясы болды. Соған сәйкестелген өмір салты қалыптасты. Білімі, ғылымы, өндірісі дамыды. Әрине, дамудың қарқыны, деңгейі өмірдің, қоғамның әртүрлі салаларында түрліше болды. Текетірістік дамуда әр жүйенің озық та, тозық та дәстүрлері қатар өмір сүрді. Міне, енді социалистік жүйе күйреп, капиталистік жүйе әлемде үстемдік құрған кезең туды. Оған да 20 жылдан асты. Барлық дерлік құндылықтар қайта қаралуда. Өмірге көзқарас, адамдар санасы өзгеріске ұшырауда. Мұның бәрін заңдылық деп түсінудеміз. Дегенмен, біраз жағдайларда субъективтік, сыңаржақтық, үстіртіндік байқалатындай. Мәселен, білім беру саласын алсақ,

бәсекелес екі қоғамдық жүйе қатар өмір сүрген кезде кеңестік білім беру жүйесін үздік деп танылды. Шынында да, кезінде Уинстон Черчилль айтқандай: «Соқаны мұра етіп қабылдаған Кеңес Үкіметі...» 30-40 жылдың ішінде мемлекетті атом қаруына ие, ғарышты игеретін, баламасы жоқ дерлік жоғары дәрежелі ғылыми жетістіктері, яғни технологиялары мен техникасы бар державаға айналдырды. Осының бәрі ең алдымен Кеңес одағындағы білім беру жүйесінің озық болғандығынан деп ойлаймыз. Ендеше, қарапайым қисынға салғанның өзінде, уақыт сынынан өткен, жау елдердің өзі озық деп мойындауға мәжбүр болған білім беру жүйесінен толығымен бас тартып, жан жақты зерттелмеген жаңа оқыту стандартына көшу керек деген сылтаумен халыққа, әсіресе жас ұрпаққа берілетін білімнің берекесін кетіру, сыпайылап айтқанда, қиянат қой.

Бүгінгі таңда барлық жоғары оқу орындарында оқытудың кредиттік технологиясы жаппай енгізілді. Алайда, орта білім беру жүйесінде бітірушілер жоғары оқу орнында осы технологиямен кәсіби білім алуға жеткілікті дайындалмайтын сияқты. Тіптен, бүкіл білімнің негізі қаланатын орта мектеп түлектерінің арасында дұрыстап оқи да, жаза да, сөйлей де алмайтындары кездеседі. Өйткені оларда бұлар тұрғысында жанашырлық талап қою тоқтатылған. Оқушылар білімі тест бойынша тексеріліп, бағаланады. Ал бұл технологияда ойлауды, оқуды, сөйлеуді жетілдіру қарастырылмаған. Емтихандарда, ағымдағы білім тексеріп-бағалауларда сұрақтардың дұрыс жауабының әрпін (А, В, С, Д, Е) жаттау басты көрсеткіш болып отыр. Білім алудың осындай тәртібіне үйренген оқушыға одан әрі кәсіби білімін жетілдіру, жоғары білімді мамандық алу ісі институттар мен университеттерде дәл сол тәртіппен жалғасын табады. Жалаң жаттауға негізделген білімі бар кәсіби мамандардан қандай опа табуға болады. Жоғары оқу орындарында білім алып жатқан жастардың арасында "біздің мақсатымыз білім жетілдіру, сапалы кәсіби маман болу емес, жоғары білімі бар деген диплом алу" – деп жүргендері аз емес. Мұны біз, бүкіл саналы өмірімізді жоғары оқу орындарында білім берумен айналысып жүрген адамдар – күнделікті атқарып жүрген жұмысымыздың барысында өз құлағымызбен естіп жүрміз. Ондайларға мұндай ойлардың дұрыс емес екендігін түсіндіре бастасаңыз, олар "бұл пікір тек біздікі ғана емес, қазіргі жастардың көпшілігі осылай ойлайды" – деп жауап береді. Әрі ол ойының дұрыстығына еш шүбә келтірмейді. Осындай жағдайда, біздер – жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беруге тиістілер – не істеуіміз керек, қайтсек өзіміздің азаматтық та, ұстаздық та парызымыздың биік мұратына жетеміз?!

Білім беруді ұйымдастыру ісі озық емес, тозық дәстүрге бой алдырған кезеңде, шамасы, бұл сұраққа жауап табу қиын тәрізді. Кеңестік жүйеде қалыптасқан озық дәстүрді мүлдем лақтырып тастамай, тиімді, жақсы жақтарын ескеріп, пайдалану жөн сияқты. Ең болмағанда соның білім сапасын жақсартуға септігін тигізетін элементтерін жаңғырту тұрғысында ойластырса игі іс болар еді. Бұл жерде оқу жоспарларына байланысты

мәселелер алдымен ойға оралады. Қазіргі қолданыстағы оқу жоспарлары біраз жағдайларда нақты білім беру мақсаттары мен міндеттеріне сәйкеспейді. Келешек маманның игеруге тиісті басты міндеттері көмескіленген. Кейбір жоғары оқу орнының оқу жоспарында ол пәндерге бөлінген оқу сағаттары мүлде жартымсыз. Мектептегі негізгі оқу пәндеріне қатысты пәндер мен оларға жанама ғана қатысы бар пәндерге бөлінетін кредиттер саны бірдей. Біздіңше, келешек мамандыққа тікелей қатысты пәндерге басқалармен салыстырғанда ең кемі 2-3 есе артық сағат жоспарлануы керек. Біздер ұзақ уақыт бойы үлгі санап, еліктеп келген ресейдің оқу жоспарлары осы айтылған принциптерді қолданып жасалынған. Осыған орай бір нақты мысал келтіруге болады. Мәселен, мектепте биологиялық пәндер циклындағы бастылары – өсімдіктану, жануартану, адамтану және кейбір жалпы биологиялық пәндер. Міне осыларға бөлінетін сағат саны биология мамандығына дайындайтын факультеттерге басымдыққа ие болуы заңдылық. Бірақ іс жүзінде бұл заңдылық орындалмай (сақталмай) отыр. Топырақтануға, биологиялық химияға (мұндай пәндер мектепте оқытылмайды) бөлінген кредиттер саны адам физиологиясына бөлінгенмен бірдей. Адам анатомиясы мен физиологиясы мектептегі міндетті, негізгі пәндердің бірі екені белгілі. Бұл арқылы оқушы өзін өзі таниды. Денсаулықты сақтау, нығайту мәселелерінде ғылыми түсінік алады [5]. Осындай өмірлік аса маңызды пәнге бөлінген мардымсыз сағатпен білімі жетік мұғалім дайындау мүмкін бе?! Осы жерде салыстыру үшін айта кетейік, Мәскеудің педагогикалық университеттерінің биолог-мұғалім дайындайтын факультеттерінде аталған пәнге 260 сағат қарастырылған. Біздегі оқу жоспары бұл пәннен жоғарыда айтылғандай, 15 сағат қана дәріс оқуды ұсынса, мәскеудегі студенттер 63 сағат дәріс тыңдайды. Ал, қазіргі кезде білім сапасына қойылып отырған жоғары талапты орындауға қажет мүмкіндіктер, ең алдымен мектепті бітірген жас ұрпақтың жеткілікті дайындығы бар ма? Мектептен оқушы қаншалықты білім алып шығатындығы туралы жоғарыда аздап айттық. Осыған орай мына мәселеге назар аудару керек. Еліміздің парламентінің біраз депутаттары дабыл қағып, орта мектептерді бітіргендер сауатының төмендігіне, олардың керекті мәтіндерді дұрыс оқи алмайтындығына алаңдап, мектептерде оқу сабағын енгізуді ұсынып жатыр. Мектептен алған білімінің деңгейі осыншалық төмендігін біле отырып, жоғары оқу орындарында олар өз беттерінше ізденіп, оқып, тиісті пәнді жеткілікті игеріп кетеді деп ойлау дұрыстыққа жатпайды. Олай болса, дәл қазіргі кезеңдегі уақыт талабы: оқу жоспарларында тиісті пәндерге сағаттар белгілегенде, аудиториялық сабақтарға бөлінетін үлесті мейлінше көбейткен абзал.

Бұл пікірді қуаттайтын тағы бір жағдай бар. Студент өз бетінше ізденіп, оқып, білуі үшін жеткілікті оқу әдебиеттері (оқу құралдары, оқулықтар) бар болуы шарт. Орыс тілділерге қатысты бұл шарт орындалған. Ал қазақ тілінде баспадан шыққан ондай әдебиеттер аз екені белгілі. Бір

тұрғыда жоғарыда айтылған, орта мектепті бітірушілердің білім деңгейінің төмендігін айрықша еске алып, келесі тұрғыда, қазақ тілінде бар арнайы оқу әдебиеттеріне тапшылықпен санасып, баяндалған тығырық тәрізді жағдайдан шығудың амалының бірі - оқу жоспарларының мазмұнын өзгерту болар деп топшылаймыз. Әңгіме, қайталап айтқанда, сол жоспарлардағы негізгі, міндетті пәндерге бөлінетін сағаттар (кредиттер) санын айтарлықтай көбейту және аудиториялық сабақтар үлесін ұлғайту туралы болып отыр. Бұларға қосымша айтарымыз, келешек кәсіби маман үшін жеткілікті білімі болу керек пәндерді оқытуды бір семестрмен шектемей, оларды ең болмағанда бір жылға, яғни екі семестрге бөліп жоспарлаған жөн. Ал студенттердің ол пәндерден алған білімдерін тексеру негізінен ауызша не жазбаша емтихандар қабылдау жолымен жүргізілгені ісіміздің пайдасына қызмет етер еді деп пайымдаймыз [6].

Әңгімеге арқау болып отырған білім беру сапасын жақсартудың амал-тәсілдеріне қатысты тағы бір жәйт, сабаққа жөнді қатыспаған, тиісті тапсырмаларды орындамаған студенттермен байланысты. Біздің университетте ондайлар үшін "қосымша семестр" деп аталатын шара біраздан бері қолданылып келеді. Мұның мәнісі – ондай студенттер басқалар демалысқа кеткенде, белгіленген уақыт мерзімінде арнайы бөлінген оқытушылар басшылығымен жиналып қалған "қарыздарынан" құтылуы керек. Жалпы алғанда бұл шараның студент мүддесі үшін ұйымдастырылатынын түсінуге болады. Бірақ та бұл шараны жоспарлағанда біріншіден студенттің пәннен қарыз болуының себебін ескеру қажет. Егер студент осы пәннен жоспарланған дәрістер мен зертханалық сабақтарға қатысып, тек емтиханнан төмен баға алып қарыз болса, бір жағдай. Ал студент дәрістік, зертханалық сабақтарға қатыспай, қосымша семестрге келсе, бұл басқа жағдай. Екіншіден, соңғы жағдайда қосымша семестр өткізу шарасын университеттегі барлық факультеттер мен мамандықтарға бірдей қолдануға келе бермейді. Гуманитарлық мамандықтар бойынша "қарыздардан" тиісті әдебиеттерді оқып, білгенін айтып беру арқылы құтылуға болар. Ал эксперименттік ғылымдардан жинақталған, зертханалық жұмыстар орындалмағандықтан пайда болған қарыздарды ондай жолмен өтей алмайды. Өйткені әр зертханалық жұмысты орындау үшін әдетте 2-3 адамның бірлескен іс-әрекеттері қажет, әрі оларға арнайы күрделі құрал-жабдықтар пайдаланылады. Бұл құрал-жабдықтар тек маманданған зертханаларда шоғырланған және оның материалдық жауапкершілігі арнайы лаборанттың мойнында. Оның үстіне, мәселен, адам мен жануарлар физиологиясының зертханалық жұмыстары тірі объектіні (бақаны, т.б.) кесіп-союмен байланысты. Зертханалық жұмыстар қолмен істеуді, көзбен көруді талап етеді. Тек осы жағдайда ғана теориялық біраз ой-тұжырымдардың мәнісіне көз жеткізеді. Мұны әдетте теорияны практикамен ұштастырып, тиісті оқу-ғылыми мәселенің мағынасын түсіну деп есептейді. Мұндай ұштасуларсыз оқылатын эксперименттік ғылымның байыбына

барып, саналы ұғып, алған білімдерін мектепте заман талабына сай оқытады деудің қисыны жоқ. Олай болса, "қосымша семестрді" ұйымдастырғанда, эксперименттік ғылымдар ерекшеліктерін, әрі іс жүзінде оқу орнындағы бар жағдайларды жан-жақты саралап, сараптап алған жөн.

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Президенті Н.А.Назарбаевтың халыққа жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». – 2012.
2. Назарбаев Н.Ә. Назарбаев Университетінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты интерактивті дәрісі //Егемен Қазақстан. – 2012. – 6 қыркүйек.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010жылға 7 желтоқсанындағы інің 2010жылға 7 желтоқсанындағы №1118 жарлығымен бекітілген. «Егемен Қазақстан» газеті, 14 желтоқсан 2010 жыл.
4. Әбдіманапов С. Кредиттік оқыту жүйесі бүгінгі күннің басты мәселесі болып тұр. «Егемен Қазақстан» газеті, 1 қазан 2004 жыл.
5. Балғынбеков Ш.А., Төленбек И.М., Ташенова Г.К. Кредиттік технологияны енгізу жағдайында жоғары педагогикалық оқу орындарындағы жас анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы пәнінен білім берудің өзекті мәселелері// «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Жаңа он жылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауының басымдықтары мен негізгі бағыттарын жүзеге асыру». - Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы, 2010. – С. 63-65.
6. Төленбек И.М., Бабашев.Ә.М. Келешек мектеп мұғалімдеріне физиологиялық және гигиеналық білім беруді қазіргі талаптарға сәйкестендіру қақында/И.М.Төленбек, Ә.М.Бабашев. //«ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында (2008 ж. 6 ақпан) Қазақстан халқының әл-ауқатын көтерудің негізгі бағыттарын жүзеге асыру» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 2008. – С. 28-30.

Резюме

В статье рассмотрены актуальные вопросы повышения качества высшего педагогического образования в современных условиях, предложены пути совершенствования образовательных программ. Указана необходимость улучшения подготовки выпускников средних школ для успешного продолжения обучения в высших учебных заведениях, где повсеместно внедрена кредитная технология.

Summary

In the article the pressing questions of upgrading of higher pedagogical education are considered in modern terms, the ways of perfection of the educational programs offer. The necessity of improvement of preparation of graduating students of high schools is indicated for successful continuation of educating in higher educational establishments, where credit technology is everywhere inculcated.

ӘОЖ 579.66:556.531(574.12)

ЖОО-ДА БОЛАШАҚ ҰСТАЗДАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ

Мырзаханова И.А., Мединеева Г.А., Нургалиева Ж

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми-зерттеу институты

Адам мен табиғат арасындағы ежелден қалыптасқан тепе-теңдік бұл күндері адамның іс-әрекетінен бұзылып, табиғаттың өз заңдарына қайшы келді. Экологиялық сауатсыздық, табиғатта болып жатқан заңдылықтарды білмеу және ескермеу, табиғат ресурстарына деген көзқарастар қоршаған табиғи ортаның қазіргі апатты экологиялық ахуалының негізгі себептері болып отыр.

Елбасы Н.Назарбаевтың еліміздің тәуелсіздігін баянды ету, халықтың ұлт болып өркендеуіне жол ашу, оның тілі мен мәдениетінің кең құлаш жаюына мүмкіндік туғызу мақсатында жасаған Жолдауында «Адам-елдің ең басты байлығы, жастар-біздің болашағымыздың негізі» екендігі туралы баса айтылып, жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс болуына үлкен мән берген.

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау мен қалыптасқан экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған бірнеше заңдар мен тұжырымдар қабылданды. Олардың ішіндегі ең маңыздысы - «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы, көпшілікке экологиялық білім мен тәрбие беру бағдарламасы».

Қазақстан Республикасы Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында республика аймақтарында тәрбие беру ісіндегі шешімі табылмаған көптеген проблемаларды қарастыра келіп, тұжырымдамадағы айқындалған тәрбиенің басым бағыттарында "экологиялық тәрбиені адамның бойына табиғатқа әдепті көзқарастың және оған қарым-қатынастың қалыптасуы мен дамуын, табиғи ресурстардың жағдайына жеке жауапкершілік сезімін және адамдардың табиғатпен парасатты іс - әрекеттерін болжайтындығы, экологиялық тәрбиенің негізі қоршаған ортаны

және халықтың денсаулығын қорғауы, елімізде экологиялық жағдай туралы халықты ақпаратпен камтамасыз етудің көзделуі" - деп түйінделген [1,5].

Қазіргі қоғам жастарға берілетін білім мен тәрбиені экологияландырылуға жаңа көзқараспен қарауда. Солай болғанымен да, жастардың экологиялық ой-өрісін дамыту, экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелерінің өзектілігі күннен-күнге арта түсуде. Ғалымдардың пікірінде экологиялық білім мен тәрбие барлық тіршілікке қатысты ішкі жауапкершілік пен парызды дамытуы қажет, себебі тіршілік ортасын сақтау мен адамның денсаулығы қоғамдағы құндылық жүйесінде маңызды категориялардың бірі болып саналып, олардың еңбектерінде экологиялық проблема жалпы адами тұрғыда қарастырылады. Сондықтанда экологиялық тәрбие заманымыздың кешенді проблемасы ретінде философиялық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік зерттеулердің объектісінен ешқашан түскен емес.

Қазақ халқы табиғатты қорғауға ертеден көңіл бөлген. Табиғатты адамзат өмірі мен тіршілігінің бөлінбес бір маңызды бөлшегі ретінде қарайтынын халықтың тәлім-тәрбиелік мақал-мәтелдеріндегі, аңыз - әңгімелеріндегі, ертегілеріндегі, жырларындағы философиясынан танимыз. Экологиялық тәрбие туралы қарастырғандар Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ж. Аймауытов және тағы басқада қазақ зиялыларының еңбектерінде табиғаттың сұлулығын бейнеленген.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тұңғыш педагогы. Оның еңбектері табиғаттың сұлу көріністеріне көңіл аудару арқылы ел сүю, жер сүю, Отан сүюге тәрбиелейтін патриоттық өлеңдер орыстың демократтық, гуманистік әдебиетінің үлгісі болатын. Мысалға:

«Таулардан өзен ағып сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.

Көңілің суын ішсең, ашы Денеңде бар дертінді қашырады», -деп жазған өлеңінде – туған ел табиғатын жырлап, сол арқылы өзінің жас шәкірттерінің бойында табиғатты, Отанды сүю сезімдерін тәрбиелеуге жасаған елеулі қадамы. Ағартушы табиғат көрінісін өлең арқылы табиғат пен адамның байланысын, табиғаттың адам ісіне, еңбекке, ой-сезіміне тигізер жанды әсерін бейнелейді [2].

Абай Құнанбайұлы әуелі қысқа ғана табиғат суреттерін өрнектеп, одан шаруа-жайға көшіп, қоғамдық қарым-қатынасты суреттейді де, одан алған өзінің ақындық әсерін, азаматтық пікірін қорытады.

«Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл туман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,

Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан», -деген. Абай дүниенің болмысын, оның болған және бола беретіндігін, табиғаттың өмір сүру

заңдылықтарын терең түсінген, ол табиғат құбылыстарының сырын, дүниенің бір қалыпта тұрмайтындығын, жаратылыс заттары бір түрден екінші түрге ауысып, өзгеріп жататындығы, мұның өзі дамудың табиғи заңдылығы екенін таныған. Ол табиғаттың бар байлығын адам баласына суреттеп ашып, таусылмас азық болып отыратындығын көрсете келіп, өскелең ұрпақты табиғатты аялап сүйе білуге үйретеді [2,3].

Жүсіпбек Аймауытовтың: «Ақын тұрмысқа өмірде қанағат етпесе, оның алданышы не болмақ? Не үшін жасамақ? Әрине, адамда аз да болса, бір үміт, бір таяныш болу керек. Ондай таяныш болмаса тіршілік етіп не керек? Адам – алдағыш, адам – жауыз, өмір – азап, келешек – қараңғы, бәрі өзгергіш, опасыз. Өзгермейтін, алдамайтын таза қасиетті нәрсе не? Ол – табиғат. Табиғат, махаббат, көркемдік – міне, қашаннан бері ақындардың жырлап келе жатқан, бас иген құдайы, жабыққан жанына ем болған» - деп айтқан. Зиялы тұлғамыздың осы пікірін алға тарта отырып, табиғаттың таңғажайып тамаша әдемілігі мен сұлулығы — бұл эстетикалық тәрбие берудің маңызды бір құрауларының бірі болып саналатынына көзімізді жеткіземіз.

Мағжан Жұмбаевтың табиғат жайлы жазған өлеңдерінде қасірет те, реализм де бар. Қандай да бір тақырыптағы өлеңдерін алсақ та, ешкімге ұқсамас ерекшелігін көреміз. Мысалы:

Шілде. Оттай ыстық күн.

Дала - өлік. Жоқ бір үн.

Жер де жатыр түншығып.

Жол жыландай иірілед,

Шаң ерініп, үйірілед.

Ешбір леп жоқ, тып-тыныш - дейді. Өз сезімі арқылы, жан дүниесімен байланыстырып табиғатты суреттейді. Шыжыған шілдеде даладағы жалғыз жолаушы сағым арасында есінен адасып келе жатқандай боп көрінеді. Мағжан өлеңінде тылсым дүние қоршауындағы лирикалық кейіпкердің аласұруы асқақ түрде беріледі.

Басқа да ағартушыларымыздың шығармаларында табиғаттың көркем көріністері арқылы ұрпақ тәрбиелеуге көңіл бөлінген [4].

Қазіргі таңда экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесін зерттеуде Н.С.Сарыбеков, А.С.Бейсенова, А.Б.Виталиев, М.Н.Сарыбеков, Э.А.Тұрдықұлов, Ж.Ж.Жатқанбаев, Ж.Б.Шілдебаевтың қосқан еңбектері зор.

ЖОО-да экологиялық тәрбиені айтатын болсақ, экологиялық тәрбие білім берудің қазіргі таңдағы айқын бағыттардың бірі.

Қазіргі таңдағы экология мәселесін алға қоя отырып ЖОО-да өтетін «Экология» пәніне талдау жүргіздік. Талдау барысында біз бұл курс бойынша оқытылатын тақырыптар мектеп бағдарламасында география пәнінен 6-8 сыныптарда және экология пәнінен 9-10 сыныптарда қайталанатынын байқадық. Сондықтанда, ең алдымен жоғары мектепте экологиялық тәрбиенің мақсаты мен міндеттерін айқындап алуымыз керек.

ЖОО-да экологиялық тәрбиенің мақсаты - болашақ ұстаздарға экологиялық ережелерді сақтауға және экологиялық мәдениеттілікті қалыптастыруға үйрету. *Міндеттері:* ЖОО-да студенттердің бойында экологиялық мәдениетін қалыптастыру тұжырымдамасын жасау; ЖОО-да дүниетанымы бай жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін экологиялық тәрбие жүйесін құру; қоғамда жастарды табиғи ортада өз іс - әрекетінің нәтижесі үшін сезінудегі ізгілікті көзқарасын қалыптастыру; болашақ ұстаздардың экологиялық танымдық қызығушылығын, белсенділігін, экологиялық бейімділігі мен дағдыларын дамыту; ЖОО-да студенттердің бойында болашақ педагог - маман ретінде экологиялық білім мен тәрбиені насихаттауды қалыптастыру; ЖОО-да экологиялық сауатты педагог мамандарды дайындау.

Айқындалған мақсат міндеттерді шешу үшін еліміздегі экологиялық тәрбиені ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралармен байланыстыруымыз қажет. Олар: «Қаламыздағы тазалыққа арнап өткізілетін іс-шараларға қатыстыру»; «Қоршаған ортадағы жеке басымның мәдениеті» атты тақырыбына пікірталас ұйымдастыру; «Менің табиғаттағы құқығым» тақырыбына тәрбие жұмысын жүргізу; «Экологиялық мәдениетті насихаттау іс-шараларына қатыстыру»; «Жасыл Ел», «Жастар – салауатты өмір үшін», «Экологиялық сенбілік» жұмыстарына қатыстыру және т.б. ЖОО-да экология пәнін осындай іс-шаралармен бірге араластырып оқытқан кезде ғана, біз бәсекеге қабілетті маман, экологиялық сауатты, жан-жақты дамыған маман дайындай аламыз.

Экологиялық білім адамды қоршаған орта туралы пәнаралық білімдерге негізделе отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы стратегиялық міндеттерді жан-жақты жүзеге асыруға бағытталуы тиіс.

1. *Қазақ әдебиетінің тарихы. Т. 2. Бірінші кітап. - Алматы, 1960. – 390 б.*
2. *Қазақстандағы алғашқы әдебиет порталы, 2010 ©*
3. *Абай. Энциклопедия. – Алматы: «қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы,*
4. *Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы // Кітапта: Жұмабаев М. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989 -566 б.*
5. *Қазақстан Республикасының Үздіксіз Білім Беру Жүйесіндегі Тәрбие Тұжырымдамасы. –Алматы 2009.*

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается проблемы экологического воспитания в ВУЗе. В данной статье указаны цели и задачи, проводящих мероприятия экологического воспитания. Целью экологического воспитания является формирование норм и правил охраны природы и экологическую культуру у будущих педагогов.

SUMMARY

This article discusses the problems of environmental education at the university. In this article are the goals and objectives, conducting environmental education event. The aim of environmental education is to develop standards and rules for the protection of nature and ecological awareness among future teachers.

УДК 81'373.21 (574)

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ТОПОНИМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Сапаров Қ.Т. г.ғ.д. профессор С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті.

Мақалада география сабағында топонимика мәселелерін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері қарастырылған. Сонымен қатар топонимиканың басқа да пәндермен өзара байланысы жөнінде сөз болады.

Топонимика - ұзақ ғасырлардың жемісі. Олар халық тілінің негізінде жасалынып, халық тарихымен тікелей қат-қабат байланысты келеді де, күнделікті өмірде кеңінен қолданыс тауып, ерекше қоғамдық мәнге ие болады.

Жер - су елді мекен атауларының қай-қайсысында болмасын табиғат құбылыстарының, жер бедерінің (ландшафт) ерекшеліктері, елдің шаруашылық тыныс тіршілігінің бейне көріністері, қоғам өміріндегі тарихи, әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің жай жапсарлары көрініс береді. Топонимдер заман ағымына сай толысып, жанарып, қазіргі уақытта маңызды қызмет атқаруда. Өйткені жер бетіндегі өзен, су, тас, елді мекендер мен алуан түрлі ірілі-ұсақты нысандардың бәрі де нақтылы есім-атауға ие. Мысалы орта ғасырда өмір сүрген ғұлама ғалым, Орта Азияның картасын жасаған Махмұт Қашғари география ғылымының дамуына зор үлесін қосты. Оның "*Диуани лұғат ат-түрік*" атты еңбегі тіл, география ғылымдарына және бүкіл түрік әлеміне ортақ ірі энциклопедиялық қазынасын, ғалымдар «ХІ ғасырдың Орталық және Орта Азияда жасалған түріктің географиялық ескерткіші деп атайды».

Ал, ішкі Азияны зерттеушілерінің ішінен топонимика мәселелеріне айрықша көңіл бөлген тұңғыш ғалым әрі ағартушы шығыс халықтарының география саласында айтарлықтай толымды да жемісті ғылыми зерттеулер жүргізген Ш.Уәлиханов. Географиялық саяхаттар нәтижесінде жинаған ғалымның жер-су атаулары жөніндегі мәліметтері кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес бай мұра болып табылады [1].

Қазақ ономастикасының оның ішінде топонимика саласының ғылыми бағыт ретінде қалыптаса бастауына географ ғалым Ғ.Қонқашпаевтың 1949 жылы "*Қазақтың халықтық географиялық терминдері*" атты тақырыптағы

қорғалған кандидаттық диссертациясы тек лингвист ғалымдардың еңбектерінде ғана емес, географ ғалымдардың еңбектерінде де өз жалғасын тапты.

Егемендік алғаннан кейін география ғылымының жеке бір саласы ретінде топонимикалық зерттеулердің ғылыми-ұйымдастыру жолдарының оң шешімді жалғасын тауып, орныға бастағанын байқауға болады:

- Жоғары оқу орындарында студенттер тарапынан жергілікті жердің географиялық нысандар атауынан ғылыми курстық, дипломдық жұмыстар аудандар бойынша орындалуда.

Қазақстанның аймақтары бойынша әр облыстың жер-су атаулар жүйесі мазмұндық құрылымдары мен ғылыми зерттелу әдіс-тәсілдері сипатынан бір-бірінен ерекшеленетін географиялық тұрғыда зерттеген жұмыстардан диссертациялар қорғалуда. Атап айтсақ Ғ. Қонқашпаев (1949), К.Д. Каймулдинова (1998, 2010), А.С. Омарбекова (1999), Ә.Е. Аяпбекова (2002), Қ.Т. Сапаров (2004,2010), А.У. Мақанова (2004), З.Қ.Мырзалиева (2007), К.Т. Мәмбеталиев, Ө.Ж.Сағымбай (2010), т.б. ғылыми зерттеу жұмыстары сәтті қорғалды. Қазақстанның солтүстік-шығыс, шығыс өңірлерінің топонимдері физикалық-географиялық, геоэкологиялық тұрғысынан Қ.Т. Сапаровтың еңбектерінде көрініс тапты. Топонимика ғылымы-география, тарих, лингвистика ғылымдарының қиылысында пайда болғандықтан күрделі ғылым саласына жататынын аңғартты. Сондықтан топонимикалық зерттеулер жүргізу үшін тарихи-мұрағаттық, картографиялық деректер өте қажет.

Қ.Т. Сапаровтың "*Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі*" атты монографиялық жұмысында тұңғыш рет адамдардың табиғатты игеру тәжірибесінің жер-су аттарында, яғни топонимдердегі көрінісі баяндалған.

Қазіргі таңда Павлодар облысы аумағы бойынша масштабы 1:100000 топографиялық карталар негізінде 4412 топоним (Қ.Т. Сапаров) анықталынып, оның 32,2%-ын комонимдер, 23,8% –ын гидронимдер, 11,9% –ын оронимдер, 16,4% –ын ойконимдер, 6,6% –ын ескі қоныстар мен 3,1% –ын некронимдер құрайды. Яғни, барлық тамыры терең жатқан түркі тілінде жасалынып, мағынасын жоғалтпай, осы күнгі қазақ тілінде қалыптасып келді деуге болады [2, 3, 4, 5].

Ертістің Кереку өңіріндегі табиғи ортаны қорғау, ресурстарды тиімді пайдалану шараларын жүргізу үшін аумақтағы географиялық атауларда (топонимдер) сақталған барлық ақпараттар жүйесін (тарихи-географиялық, геоэкологиялық, лингвистикалық т.б.) қалпына келтіру қажеттілігімен анықталады. Сондықтан қазіргі уақытта мектеп қабырғасында оқушылардың отан сүйгіш қасиеттерін (патриотизм) арттыру үшін өлкетанулық тұрғыдан жер-су атауларын (топонимика) оқыту мәселелерін қарастыруымыз керек деп ойлаймыз. Әрбір азамат туған жердің географиялық атауларын білуі қажет. Мектепте оқушыларды еркін ойлау мен талпынысқа баулу мұғалімге қажетті әдістердің ең бастысы дейміз. Әрине, жаңа әдісті немесе пәнді оқу үдерісіне

еңгізу оңай шаруа емес. Ол үшін тәжірибе жинақтау, зерттеу, зерделеуді қажет ететін тұстары жеткілікті. География және экология сабағында туған жердің жер-су атауларының ерекшелігін және өлкенің табиғи жағдайларын оқыту мәселелерін қалыптастыру бүгінгі күннің жұмысы демекпіз. Топонимикалық материалдарды жүйелі түрде қолдану арқылы оқушылардың білімін тиімді түрде жетілдіруге болады. Мысалы, Павлодар облысының әрбір ауданының елді мекендерінің географиялық атауларын зерттеуге болады. Себебі сабақта географиялық атаулардың қалыптасу жолдары, тілдік қабаттары және физикалық-географиялық, геоэкологиялық, тарихи-этнографиялық мәліметтер аламыз. Сондықтан "Қазақстанның және Павлодар облысының физикалық географиясы" пәнін оқытқанда топонимикалық материалдарды қолданып өз өлкесінің тарихын тереңдетіп оқытуға мол мүмкіндіктер береді.

Қазіргі уақытта география сабағында жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдану аясында білім берудің технологиясы мен жаңа бағыттары қолға алынуда. Соның ішінде топонимика мәселелерін оқытудың жаңа бағытын қарастыру маңызды рөл атқарады. География сабағында топонимика пәнінің дағдыларын меңгерту, қызықтыру, ойлау, есте сақтау ерекшеліктерін дамыту үшін әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолдануға болады [5,6,7].

- Әдебиеттермен жұмыс (тарихи, мұрағаттық, картографиялық, географиялық, лингвистикалық т.б.);
- Қазақтың халықтық және географиялық терминологиясың топтастыру;
- Топонимикалық карталарды кескін картаға түсіру;
- Кестелер, диаграмма, тірек-сызбалар;
- Топонимикалық диктант жазу;
- Тестерді құрастыру;
- Топонимикалық викторина, ойын-сөзжұмбақ құрастыру т.б.
- Реферат жазу, семинар сабағын өткізу;
- Топонимдерді қалпына келтіру (унификация) реттеу және тілдік қабаттарды (стратиграфия) анықтау;
- Туристік нысандарды анықтаудағы маршруттық бағыттарды құрастыру;
- Далалық топонимикалық зерттеулерді жүргізу.
-

Топонимика пәні бойынша сарамандық жұмыстар

1 тапсырма Павлодар облысы аумағында кездесетін көне топонимдерге сипаттама беріп, қалыптасу жолдарын қарастырыңыздар? Сонымен қатар аумақта кездесетін топонимдердің тілдік қабаттарын анықтап, диаграмма жүзінде көрсетініздер?

2 тапсырма Ғ.Қонқашпаев және Қ.Т.Сапаровтың еңбектерін пайдаланып, Павлодар облысы аумағында кездесетін қазақтың

географиялық және халықтық терминологиясын топтастырыңыздар? Оронимдік, гидронимдік, жайылымдық және метафоралық (лексикалық – анатомиялық) индикатор-терминдерді кесте жүзінде құрастырып, толтырыңыздар? (кесте 1).


Кесте 1 – Павлодар облысы гидронимдеріндегі индикатор-терминдер

гидронимдер	индикатор-терминдер
көл аттары (лимнонимдер)	
өзен аттары (потамонимдер)	
микрогидронимдер	индикатор-терминдер
табиғи	
антропогендік	
гидрографиялық метафоралар	

3 тапсырма кескін картаға ландшафт ерекшеліктерін сипаттайтын Павлодар облысы табиғи – рекреациялық ресурстар картасын түсіріп, шартты белгілер арқылы көрсетіңіздер?

4 тапсырма топонимика пәні бойынша сөзжұмбақ және топонимикалық диктант құрастырыңыздар?

5 тапсырма Павлодар қаласы атауын ауыстыруға жарайтын атаулар нұсқаларын қарастыру. Өз пікірлеріңізді атап көрсетіңіздер? Павлодар қаласы атауын ауыстырудың тиімді жолдарын қарастырыңыздар?



Қорыта айтқанда оқушылардың туған жеріндегі жер-су атауларының шығу себептерін білу олардың туған жерді сүйеге ынтасын арттырып, белсенділігін шындайды. Әдістемелік оқу-жаттығу, тәрбие жүйесі, топонимикалық карталарды пайдалану, оқу-жаттығу технологиясын

пайдалану арқылы (оқушыларды туған жердің табиғатын аялау) оқу үдерісінде ғылыми нәтижелер мен мол жетістіктерге қол жеткізуге болады.

1 Қ.Т. Сапаров "Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі". Павлодар "ЭКО" ҒӨФ. 2007. – 308б.

2 Қ.Т. Сапаров "Ертістің- Аққұлы өңірінің жер-су аттары". Павлодар "ЭКО" ҒӨФ. 2007. – 224б.

3 Қ.Т. Сапаров "Топонимиканың геоэкологиялық негіздері". Павлодар: ПМУ "Кереку" баспасы. 2007. – 129б.

4 Қ.Т. Сапаров, А.М. Балтабаева "Павлодар облысының әкімшілік аумақтық бірліктері мен физикалық-географиялық атауларының көрсеткіш анықтамалығы". Павлодар "ЭКО" ҒӨФ. 2008. – 353б.

5 Қ.Т. Сапаров "Екібастұз өңірінің жер-су аттары". Павлодар "ЭКО" ҒӨФ. 2008. – 252б.

6 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.К. Ономастика: зерттеу мәселелері. 2005.- 240 б.

7 Қ.Т.Сапаров Павлодар қаласы атауын ауыстырудың тиімді жолдары / Білік, №8 (118). – 4 б.

Новые направления изучения топонимических проблем на уроках географии К.Т.Сапаров

В статье рассматриваются методы и приемы, используемые на уроках по проблемам топонимики. На ряду с этим затронуты вопросы межпредметных связей курса «Топонимика».

New directions for studying the toponymy problems at lessons of geography К.Т.Saparov

The article deals with new methods and techniques used at the lessons on toponymy problems. And with it touched on interdisciplinary connections of «Топонимы» course.

ТУРИЗМ

